

2:7 СЕРИЯ

ЕКІНШІ КУРС



*«Негіздерің Мәсіхте боып,
терең тамыр жайып, өсе беріңдер;
өздеріңе үйреткен сенімді мықтап ұстатып,
Құдайға шексіз алыс айтатын болыңдар!»*

КОЛОСТЫҚТАРҒА 2:7

ҚАТАРДАҒЫ ҚАУЫМ МҮШЕЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(c) 1979 by The Navigators Revised edition (c) 1987

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced in any form without written permission from NavPress, P.O. Box 35001, Colorado Springs, CO 80935. ISBN 5-86181-143-1

Мазмұны

БАҚЫЛАУ КҮНДЕЛІГІ	6
1-САБАҚ	
Курстың мақсаттарына шолу жасау	4
Киелі жазбадағы аяттарды жаттауға арналған нұсқаулар	8
Осы курстағы тақырып бойынша аяттарды есте сақтау жүйесі	
Жазбадағы аяттарды жаттау принциптері	
КИЕЛІ РУХҚА КЕНЕЛГЕН МӘСІХШІ. Шәкірттіктің кезеңдері. 2-курс	
Мойынсұнғыш мәсіхші. 1-бөлім	
2-САБАҚ	
Жазбадағы аяттарды есте сақтауға арналған нұсқаулар - екінші апта	11
Аяттарды есте сақтау принциптерін тексеру	
Мойынсұнғыш мәсіхші 2-бөлім	
3-САБАҚ	
Жазбадағы аяттарды жаттауға арналған нұсқаулар – үшінші апта	16
Сіздің өміріңіздегі Құдай сөзі	
4-САБАҚ	
Жазбадағы аяттарды жаттауға арналған нұсқаулар – төртінші апта	18
Жетекшіге арналған жоспар. «Сіздің өміріңіздегі Құдай сөзі» тақырыбы бойынша сұрақтар	19
Құдаймен сөйлесу	
5-САБАҚ	
Жазбадағы аяттарды есте сақтауға арналған нұсқаулар – бесінші апта	22
Өзін-өзі тексеру	
Жетекшіге арналған жоспар: «Құдаймен сөйлесу» тақырыбы бойынша сұрақтар	
Мәсіхшілермен қарым-қатынас	
6-САБАҚ	
Аяттарды есте сақтауға арналған нұсқаулар – алтыншы апта	
Жетекшіге арналған жоспар. «Мәсіхшілермен қарым-қатынас» тақырыбы бойынша сұрақтар	24

Киелі кітапты зерттеу тобын өткізудің төрт тиімді әдісі	
Түсінуге қатысты сұрақтардың сипаттамасы	25
Мәсіх туралы куәлік беру	
7-САБАҚ	
Киелі жазбадағы аяттарды есте сақтауға арналған нұсқаулар – жетінші апта	27
Жетекшіге арналған жоспар: «Мәсіх туралы куәлік беру» тақырыбына арналған сұрақтар	28
Жеке куәлік беруге не үшін дайындалу керек?	29
Куәлік беруге дайындық жайында жалпы ескертулер	29
«Жүзім» арқылы берілген мысалдар	30
Куәлік беру жоспарының екі түрі	34
8-САБАҚ	
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 8-апта	36
Алғаш рет куәлік беруге дайындық кезінде болатын әдеттегі кемшіліктер	
Куәлік беру жоспарының алғашқы түрі	38
9-САБАҚ	
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 9-апта	39
10-САБАҚ	
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 10-апта	40
Роберт Мунгер жазған «Менің жүрегім -Мәсіхтің үйі» деген мақаласы	
«Менің жүрегім - Мәсіхтің үйі» атты мақаланы талқылау	47
11-САБАҚ	
Лорн Сэнни жазған «Күнді қалай дұға етумен өткізуге болады?» деген мақаласы	
Дұға ету күнінің қандай қажеті бар?	58
Күнді үш бөлімге бөлу	59
Сергек және дайын болу жайында	59
Қажетті нәрселердің тізімін жасау	59
Дұға ететін күні керек болатын нәрселер	60
Мысал: Жарты күндік дұға кезінде белгілер қою жайында	

12-САБАҚ

Киелі кітап оқу бойынша нұсқаулық: «Киелі Рухқа кенелген
мәсіхші», (Шәкірт дайындау бағдарламасы), 2-кітап

«Құдайға мойынсұнған сенуші»

«Сіздің өміріңіздегі Құдай сөзі»

«Құдаймен сөйлесу»

«Мәсіхшілермен қарым-қатынаста болу»

«Мәсіх туралы куәлік беру»

96

Киелі кітап оқу күнделігінің парақтары 103-беттен кейін қосылған.

Маңызды ескерту: Осы материалдарды тек дайындықтан өткен жетекшілер ғана қолдана алады. Олар міндетті түрде (1) осы құжаттарды оқушы ретінде оқып шығуы немесе (2) 2:7 серияның арнайы оқу орындарында осы серияны нәтижелі қолдану жолын үйреніп шыққан болуы тиіс.

Бақылау күнделігі

Өзіңіздің бақылау күнделігіңізді тобыңыздағы адамдарға көрсетіп, олардан осы курстағы үлгеріміңізді тексеруін сұраңыз. Олар әр бөлімге өздерінің есімін және тексерген күнін жазуы тис.

КИЕЛІ ЖАЗБАДАҒЫ ЖАТТАЙТЫН АЯТТАР

«Жаңа өмір сүріңіз» (аяттарды жаттаудың тақырыптық жүйесі – А1-12)	Есімі	Күні
«Мәсіх - ортада» - Қорынт. 2-хат 5:17		
«Мәсіх - ортада» - Ғалат. хат 2:20		
«Мәсіхке мойынсұну» - Рим. хат 12:1		
«Мәсіхке мойынсұну» - Жохан 14:21		
«Құдай сөзі» - Тимоте. 2-хат 3:16		
«Құдай сөзі» - Ешуа 1:8		
«Дұға» - Жохан 15:7		
«Дұға» - Флп. хат 4:6-7		
«Қарым-қатынас» - Матай 18:20		
«Қарым-қатынас» - Еврей. хат 10:24-25		
«Куәлік беру» - Матай 4:19		
«Куәлік беру» - Рим. хат 1:16		
«Жаңа өмір сүріңіз» тақырыбына қатысты барлық аяттар		
«Мәсіхпен бірге бастау» тақырыбына қатысты барлық аяттар		
«Мәсіхпен бірге бастау» аяттарын 14 күн бойы жүйелі түрде қайталау		
12-беттегі Аяттарды жаттау принциптері бойынша білімді тексеру		
19-20-беттердегі өзін-өзі тексеруді аяқтау		

ТЫНЫШ УАҚЫТ

Киелі кітап оқып, күнделікті 14 күн бойы жүйелі түрде толтыру

КУӘЛІК БЕРУ

Құдайға апаратын жол туралы 4 минуттан ұзақ емес етіп айту, оқыса да болады

КИЕЛІ КІТАПТЫ ЗЕРТТЕУ НҮСҚАУЛЫҒЫ

КИЕЛІ РУХҚА КЕНЕЛГЕН МӘСІХШІ (Шәкірттіктің кезеңдері, 2-курс)

1-тарау - «Мойынсұнғыш мәсіхші»		
2-тарау - «Сіздің өміріңіздегі Құдай сөзі»		
3-тарау - «Құдаймен сөйлесу»		
4-тарау - «Мәсіхшілермен қарым-қатынаста болу»		
5-тарау - «Мәсіх туралы куәлік беру»		

МАҚАЛАНЫ ОҚУ

Менің жүрегім - Мәсіхтің үйі		
Күнді қалай дұға етумен өткізуге болады ?		

ТОПТАҒЫ ЖҰМЫС

Жарты күнді дұға етіп өткізу		
------------------------------	--	--

ӘР ТҮРЛІ ЖҰМЫСТАР

48-50-беттердегі жұмысты орындау		
----------------------------------	--	--

ЖЕТЕКШІНІҢ ТОП ЖҰМЫСЫН ТЕКСЕРУІ

2-курстың сәтті аяқталуы		
--------------------------	--	--

Сабақтың жоспары:

1. Бірінші курстың мақсаттарының шолуын қарап шығыңыз.
2. *Бақылау күнделігімен* танысып шығыңыз (6 бет).
3. *«Жазбадағы аяттарды жаттауға арналған нұсқаулар – бірінші апта»* деген бөлімді оқыңыз (8-бет)
4. Осы курстың Киелі кітапты зерттеу нұсқаулығындағы *«Киелі Рухқа кенелген мәсіхшіі»* деген бөлімді ашыңыз. Осы бөлімге арналған кіріспені дауыстап оқыңыз (63-102-беттер) .
5. *«Аяттарды жаттау принциптерін»* оқып талқылаңыз (9-бет).
6. *2-сабаққа арналған тапсырманы* оқыңыз (10-бет).
7. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

1-курстың мақсаттарынна шолу жасау

1-курстың мақсаттары мынадай болған:

1. Киелі кітапты ынтамен оқуды және оқу барысында белгілер қоюды үйрену.
2. *«Мәсіхпен бірге бастау»* тақырыбына қатысты бес аятты жаттап алу.
3. Құдаймен бірге өткізетін (тыныш уақытты) барынша тұрақты және жемісті өткізу, яғни:
 - а. Киелі кітап оқу мен дұғаны үйлестіру.
 - ә. Осы курстың барысында тыныш уақытты 14 күн бойы жүйелі түрде өткізу.
 - б. Құдаймен бірге тыныш уақыт өткізген кезде келген ойларды әр күні *«Киелі кітап оқу күнделігіне»* жазып жүру.
4. Киелі кітап оқу тобына қатысып, *«Сіздің Мәсіхпен тығыз байланыстағы өміріңіз» (Шәкірттік кезең 1-курс)* деген бөлімді оқып шығып, оны топпен бірге талқылау.
5. *«Шұғыл істердің қысымында»* деген мақаланы оқып, талқылау.
6. *«Дөңгелек»* суреті арқылы берілген мысалмен танысу.
7. Киелі жазбаның аяттарын жатқа білудің себептерін тереңірек түсініп, аяттарды жаттауға не кедергі болатынын анықтау.

Киелі жазбадағы аяттарды жаттауға арналған нұсқаулар - 1-апта 8

(Аяттарды тақырып бойынша жаттау жүйесінен)

СІЗ АЯТТАРДЫ ЖАТТАЙ АЛАСЫЗ!

Сіздің есте сақтау қабілетіңіз, яғни жадыңыз жақсы. Нашар дейсіз бе? Ғафу етіңіз! Сіздің мекен-жайыңыз бен телефоныңыздың нөмірі қандай? Ал істеп жүрген жұмысыңызға қатысты барлық мәлімет ше? Айналаңыздағы адамдардың есімдерін де білесіз ғой? Өзіңіздің сүйікті спорт ойыныңыз немесе хобби ісіңіз туралы жатқа айтып бере алатын көптеген мәлімет бар ғой! Осының бәрінен кейін жадыңыз мүлде жаман емес болып шыққанына көзіңіз жетті ме? Қызықты әрі пайдалы болған кез келген нәрсе оңай жатталады.

Барлығы ниетке байланысты. Жад – жақсы немесе жаман бола алмайды. Ол – шеберлік, өнер және кез келген шеберлікті немесе өнерді дамытқандай, оны да дамытуға болады. Бәрі де ниетіңізге байланысты. Көңіліңізде аяттарды есте сақтауға деген ұмтылыс болса, жаттау шеберлігіңіз де дами түседі.

Құдайдың көмегіне үміт артыңыз. Бұл сіз үшін тағы бір қолдау: Сіз аяттарды есте сақтауға тырысқанда Құдайдан көмек сұрай аласыз, өйткені Ол балаларының жүрегінде Өзінің Сөзінің болғанын қалайды. «Бүгін сендерге берген өсиеттерім жүректеріңде болсын» (Заңды қайталау 6:6); «Мәсіх туралы Ізгі хабарға көңілдеріңнен мол орын беріңдер» (Қолос. хат 3:16).

Сондықтан Пауылдың «Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын» (Флп. 4:13) деген тамаша сөздеріне сүйеніп, аяттарды жақсы жаттай алатыныңызға және Құдайдың сізге көмектесетініне сеніңіз. Құдайдың асыл Сөзіндегі қазынаны меңгеру – өміріңіздің ең ұлы сәттері болады.

АЯТТАРДЫ ЖАТТАУДЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Бұл сізге куәлік берген кезде оны батылдықымен айтуға көмек береді. Сіз достарыңыздың біреуіне Иса туралы айтайын дегенде сөзіңіздің жетпейтінін сезген кездеріңіз болды ма? Демек, неден бастауды білмеген шығарсыз. Көптеген сенушілер аяттарды жатқа білгендіктен тұйықтықпен күресе алатынын мәлімдеп, Құдайдың хабарын басқаларға жүйелі түрде жеткізуге көмектесе алатынын айтады. Олар осылай Құдайға қызмет етіп, адамдарды Құтқарушы Исаға әкелгендеріне қатты қуанады. *Аяттарды жатқа білсеңіз – Мәсіхтің сенімді куәгері бола аласыз.*

Бұл сізге алаңдаушылықты жеңуге көмектеседі. Өткен шақта жіберген қателіктер немесе болашаққа деген сенімсіздік көптеген сенушілерді қинайды. Үрейге толы өмір – рухани жүдеу өмір. *Сіздің жүрегіңізге терең орныққан Құдайдың Сөзі сол қиындықтарды жеңуге көмектеседі.* Жүрегіңізге Құдайдың сөзі орнығып, әрдайым содан нәр алып, Құдай сыйлаған тыныштықтан ләззат аласыз.

Бұл күнәларыңыздың үстінен жеңіске жетуді қамтамасыз етеді. Сіз өз өміріңізде қандай да бір күнәларыңыздан арылу үшін қаншама күрестіңіз, алайда әрқашан жеңіліске ұшырадыңыз. Бірнеше рет тіпті жеңілгеніңізді мойындауға да дайын болдыңыз, кейде күнәларды жеңу – қолжетпес бір идеал болып көрінген де шығар. Дәуіт былай деп жазған: «Күнә жасамауым үшін Саған қарсы, жүрегіме сақтадым айтқандарыңды» (Забур.118:11). Сіздің жүрегіңізде сақталған Құдайдың Сөзі – күнә мен шайтанға қарсы сәтті күрес жүргізетін рухани семсер. *Мыңдаған мәсіхшілер Киелі жазбадағы аяттарды жаттау – күнделікті тіршілікте күнәға қарсы күресте айтарлықтай көмек беретінін мойындады. Сіз де бұған көз жеткізе аласыз.*

Киелі жазбадан жаттап алған аяттар дәрі сияқты; олар өміріңізде мәселелер болған кездерде көмектеседі. Олар бұдан да үлкен қызмет атқарады, жаныңызды нәрлендіріп, сізді рухани әлсіреуден сақтайды. Сіздің кәдімгі тәніңіздің сау болғаны ішіп жүрген тамағыңызға байланысты болғандай, рухани денсаулығыңыз да Құдайдың Сөзінен тұрақты түрде нәр алып жүргеніңізге байланысты. Елші Петір өзінің хатында: «Жаңа туған сәбидің сүтке шөліркегеніндей, әрдайым Құдай сөзінің «таза сүтіне» құштар болыңдар. Содан нәр алғанда рухани өсіп, күнәнің құлдығынан толығырақ құтқарыла аласыңдар» деп жазады (Петір.І-хаты 2:2).

Аяттарды жаттау арқылы жүрегіңізді асыл қазыналармен толтырасыз. Ол бүгін де, болашақта да күнделікті мәселелермен күрескенде көмектеседі.

НЕЛІКТЕН АЯТТАРДЫ ЖАТТАП АЛҒЫҒЫЗ КЕЛЕДІ?

Киелі кітап аяттарын жаттаудан не күтесіз? Сіздің жетістігіңіз Құдай сөзін жаттаудың жеке өзіңіз үшін қажеттілігін анық білуіңізге байланысты. Аяттарды жаттап алудың пайдасына қатысты төрт тезисті қайта қарап шығып, өзіңізге ең қажетті дегенін таңдаңыз. Оларды астын сызып немесе төменге жеке жазып алып, керек кезде қолданыңыз. Бәлкім, бұл жерде аталмай қалған себептер де болуы мүмкін. Оларды да жазып қойыңыз. *Тақырып бойынша жаттау жүйесін (ТБЖЖ)* пайдаланып аяттарды жаттаған кезіңізде, Құдай сізге өз мақсаттарыңызға жетуге көмектеседі.

Тақырып бойынша жаттау жүйесі

Тақырып бойынша жаттау жүйесі (ТБЖЖ) сізге төрт нәрсені үйренуге көмектеседі:

- 1) Аяттарды жаттаудың ең оңай жолын көрсетеді;
- 2) Аяттарды өміріңізде қолдануды үйретеді;
- 3) Қажет болған кезде оларды еске түсіре алу үшін аяттарды қалай қайталап жүрудің жолын көрсетеді;
- 4) Осы курсты бітіргеннен кейін Жазба аяттарын жаттауды қалай жалғастыру керектігін үйретеді.

ТБЖЖ бес топтамадан тұрады. Әр топтамада 12 аят бар. Олар 2:7

серияның 2-курсынан бастап 6-курсына дейін жатталады:

- 1- курс - «Жаңа өмір сүріңіз» А топтамасы
- 2- курс - «Мәсіх туралы Ізгі хабар айтыңыз» Ә топтамасы
- 3- курс - «Құдайдың рухани қазынасына сенім артыңыз» Б топтамасы
- 4- курс - «Мәсіхтің шәкірті болыңыз» В топтамасы
- 5- курс - «Мәсіхке ұқсаңыз» Г топтамасы

Осы курстың 5-сабағында сізге өзіңізді-өзіңіз тексеретін тапсырма беріледі. Ол сізге осы аяттарды жаттау нұсқауларын толығымен меңгергеніңізді көруге көмектеседі.

НЕЛІКТЕН ТАҚЫРЫП БОЙЫНША?

ТБЖЖ әдісінде сіз Киелі кітаптағы асыл сөздерді тақырып бойынша жаттауды үйренесіз; әр тақырыпта екі аят. Жатталып жатқан аяттардың тақырыптарын білудің *екі маңызды себебі бар*:

1. Тақырыпты білу сізге аяттардың мағынасын тереңірек түсінуге көмектеседі, демек оларды есте сақтау оңай болады.
2. Тақырыпты білу сізге аятты есте сақтап қалу үшін «ілімек» бергендей болады, бұл қажет аятты дер кезінде есіңізге түсіруге көмектеседі. Бұл көмектің Мәсіх туралы куәлік бергенде, біреуге ақыл айтқанда, Киелі кітап оқу сабағын өткізгенде, сұхбаттасуға дайындалғанда пайдасы орасан зор.

Осы курстың тақырыптар жоспары сізге ісіңіздің болашақ көрінісін ашып, қандай мақсатқа бара жатқаныңызды көрсетеді. Қандай аят жаттасаңыз да, ең алдымен оның жалпы көрінісін көз алдыңызға елестетіңіз. Жоспарыңыз есіңізде болса, тақырыптар «ілімектерге» айналғандай болады, ал сіз аяттарды сол «ілімектерге» «іліп» қоя аласыз.

Сонымен 9-беттегі тақырыптар жоспарымен танысып, аяттарды жаттау барысында олардың тақырыптарын да жаттап жүріңіз.

СІЛТЕМЕЛЕРДІ ЖАТТАҢЫЗ

Сілтемелерді білу – сізге Киелі кітаптағы аяттарды өзіңіз пайдаланғанда немесе басқалармен сөйлескенде дереу қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан сілтемені аяттың бір бөліміндей көріп жаттағаныңыз маңызды.

Сілтемені жаттаудың ең сенімді жолы – оны аяттың алдында және аяттан кейін дауыстап айту. Осылай істесеңіз сізге сілтемемен бірге аятты да есіңізде сақтауға көмектеседі, өйткені сілтемені көргенде немесе естігенде ойыңызға оның аяты түседі, ал аяттың сөздерін естігенде ойыңызға оның сілтемесі түседі. (Әрине, бұл әдісті сіз аяттарды жаттағанда ғана қолданасыз; біреумен сөйлескенде немесе куәлік бергенде, оны пайдаланудың қажеті жоқ).

Аяттарды жаттап қайталау үшін мына әдетті қалыптастырғаныңыз дұрыс: *алдымен тақырыпты айту, сонан соң сілтемені, кейін аятты сонан соң тағы да сілтемені дауыстап айту.*

АЯТТАРДЫ ҚАЙ КЕЗДЕ ЖАТТАҒАН ДҰРЫС?

Аяттарды жаттауды ештеңеге алаңдамай өзіңізді соған жұмылдыруға мүмкіндік бар кезде бастау керек. Осыны орындау үшін күннің екі қолайлы мезгілін таңдауға болады.

Біріншісі – ұйықтар алдында, себебі меңгерен нәрсе ұйқы кезінде аз ұмытылады. Екіншісі – таңертең ұйқыдан тұрған бойда, өйткені ол уақыт – жаңа әсерлерді қабылдау үшін жақсы сәт.

Көптеген адамдар Құдаймен өткізетін таңертеңгі уақытының бір мезгілін арнайы Киелі кітаптағы аяттарды жаттауға бөледі. Өйткені ұйқыдан кейін олар өздерін рухани жаңарғандай сезінетіндіктен Құдайдың сөздерін тез жаттай алады. Басқа адамдар түскі үзіліс кезінде немесе кешкі ас алдында бірнеше минут тауып осыны істейді. Ал атап өтетін тамаша бір әдет – күн ұзағында кез бола қалған бос сәттерді Құдай Сөзі туралы ойлану үшін пайдаланып, аяттарды еске түсіріп жүру. Мұны біз бірденені күткенде, көшемен жүріп келе жатқанда немесе көлікте отырғанда істей аламыз.

Сондықтан, әр адам барлық мүмкіншілікті қарап шығып, күннің қай мезгілі осы

АЯТТАРДЫ ЖАТТАУ КЕЗІНДЕ АСЫҒУ КЕРЕК ПЕ?

Саннан гөрі сапа жақсы.

Тақырып бойынша жаттау жүйесіндегі ең басты мақсат – Құдайдың Сөзімен өмір сүріп қызмет етудің негізін құру. Осыны істегенде асығудың қажеті жоқ. Әр аптада бір немесе екі аятты жаттаған дұрыс. Кейбір аптада сізге екі аятты жаттап келуге тапсырма беріледі. Кейде бір аятты ғана жаттау керек болады. Киелі кітаптағы әр аяттың мәнмәтініне назар аударыңыз. Оқыған үзіндінің мағынасын түсіну үшін ол жайында ойлануға уақыт бөліңіз.

Жаттау қарқыныңыз тұрақты болсын. Егер уақытыңыз бен қалауыңыз болса тиісті мөлшерден де көбірек жаттауыңызға да болады. Бірақ осы жұмысты тиянақты істеу керек. Табысқа жету үшін жаттау шеберлігіңізді жетілдіре беріңіз.

ҚҰДАЙ СӨЗІН НЕЛІКТЕН СӨЗБЕ-СӨЗ ЖАТТАУ КЕРЕК?

Киелі кітаптағы үзіндіні жаттағанда немесе айтқанда оны сөзбе-сөздәл айтыңыз. Ең алдымен аяттың түсінікті екенін және оны дұрыс жаттап жүргеніңізді тексеріп алыңыз. Қате жаттаған аятты айту әдетке айналып кетеді. Басынан дұрыс жатталған аяттарды еске түсіріп дереу пайдалану мүлде оңайырақ.

Сөзбе-сөз жаттауды әдетке айландырудың мынадай көмектері бар:

- керекті үзінді есіңізде анық түрде қалады.
- үзіндіні қайталап тұру оңай болады.
- аяттарды батылдықпен қолданасыз.

Не істесеңіз де оны дұрыстап істеу керек емес пе? Жаттау шеберлігіңізді жетілдіре беріңіз!

Осы курстың Тақырып бойынша жаттау жүйесі 12

Осы Тақырып бойынша жаттау жүйесінде 5 бөлімге топталған 60 аят бар: А. Жаңа өмір сүріңіз; Ә. Мәсіх туралы айтыңыз; Б. Құдайдың рухани қазынасына сенім артыңыз; В. Мәсіхтің шәкірті болыңыз; Г. Мәсіхке ұқсаңыз. Әр бөлім алты тақырыптан тұрады, әр тақырыпта екі аят бар, ал әр бөлімдегі аяттардың жалпы саны 12. Тақырыптардың барлығы мәсіхшінің өмірінің маңызды салаларына байланысты.

Екінші курста сіз мына 12 аятты жаттайсыз:

А. Жаңа өмір сүріңіз

Мәсіх ортада	Қорынт. 2-хат 5:17	Ғалат. хат 2:20
Мәсіхке мойынсұну	Рим. хат 12:1	Жохан 14:21
Құдай Сөзі	Тимоте. 2-хат 3:16	Ешуа 1:8
Дұға	Жохан 15:7	Філіпі. хат 4:6-7
Қарым-қатынас	Матай 18:20	Еврей. хат 10:24-25
Куәлік беру	Матай 4:19	Рим. хат 1:16

Аяттарды жаттау принциптері

Аяттарды жаттау алдында:

1. Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулықты апта сайын оқыңыз. Бұл мәлімет өте пайдалы болғандықтан, оны әр аптада қайталап тұрған дұрыс.
2. Жаттайтын аяттың Киелі кітаптағы үзіндісін толығымен оқып шығыңыз. Бұл сізге аяттың мағынасын тереңірек түсінуге көмектеседі.
3. Әр аятты анық түсінуге қол жеткізіңіз.
4. Аятты зейін қойып бірнеше рет оқып шығыңыз, мұны дауыстап немесе сыбырлап оқысаңыз аятты толығымен түсінесіз. Оқыған сайын аяттың тақырыбын атаңыз, одан кейін сілтемесін айтыңыз, сонан соң аяттың өзін оқып шығып қайтадан сілтемесін айтыңыз.
5. Құдайға дұға етіп, аятты Онымен бірге талқылап, Иемізден аятты жаттау саласында табысты болуыңызға көмек сұраңыз.

Аятты жаттап жүргенде істейтінізіз:

6. Мүмкіндігінше аятты дауыстап айтып жүріңіз.
7. Алдымен тақырып пен сілтемені жаттаңыз.
8. Аятты сөйлемдерге бөліп жаттай беріңіз. Бір сөйлемді толығымен үйренгеннен кейін келесіге көшіңіз.
9. Ештеңеге алаңдамайтындай мезгіл табыңыз. Осы жұмыс үшін ең қолайлы мезгілдер: кешке жатар алдында немесе таңертең ұйқыдан оянған соң. Осы екі мезгілдің біреуін таңдап алуыңызға болады.
10. Аятты жаттап немесе оны қайталаған кезде оның өз өміріңізге және күнделікті жағдайыңызға қалай қатысты болатыны жайында ойлаңыз.
11. Аятқа оның тақырыбы мен сілтемесін еңгізуді ұмытпаңыз.
12. Ең соңғы жүргізілген зерттеулер бойынша – адам оқыған мәліметті жатқан кезде өте жақсы есте сақтап қалады екен. Отырған күйдегі адамның жаттау қабілеті сәл нашарлау болады. Ал ең қолайсызы – түрегеліп тұру деп анықталды.

Тақырыпты, сілтемені, аятты дұрыс айту қалпына жеткенде:

13. Аятты жазып алғаныңыз пайдалы. Осының да үлкен көмегі бар.
14. Аятты жаттаған соң оны бірнеше күн жиі қайталап жүріңіз. Бұл үзіндіні есте сақтау үшін өте маңызды нәрсе.
15. Қайта-қайта қайталаңыз және қайталаңыз! Қайталау – аятты есте сақтап, оны дұрыс айтуға деген ең жақсы әдет.

2-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА: 13

1. *Жазбаны жаттау*: 11-12 беттердегі 2-апта деген бөлімді оқып бітіріңіз. «Мәсіх – ортада» бөліміндегі екі аятты жаттаңыз: Қорынт. 2-хат 5:17 және Ғалат. хат 2:20.
2-сабақта сізге *Аяттарды жаттау принциптері бойынша тапсырма* беріледі, сондықтан сіз *Аяттарды жаттау принциптерін* қайталауды қалауыңыз мүмкін (9-бет). Сол тапсырманы орындаған кезде сізге осы ережелердің кем дегенде алтауын көрсету қажет болады. (Осы тапсырманы орындау - 2-курсты бітіру талаптарының бірі).
2. *Тыныш уақыт*: 1-курста үйренгендей Киелі кітапты белгілеп оқи беріңіз. *Киелі кітап оқу күнделігі* мен *Киелі кітап оқу жоспарын* ары қарай пайдалана беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу*: «Мойынсұнғыш мәсіхші» деген бөлімнің 1-12 сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқу бойынша нұсқаулық*, 64-68 беттер).
4. *Басқа жұмыстар*: Барлық тапсырмаларды орындап, *Бақылау күнделігіңізді* келесі сабақта қол қойғызуға беруге дайындап қойыңыз.

2-Сабақ

Сабақтың жоспары: 14

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, «Мәсіх – ортада» деген бөлімдегі екі аятты қайталаңыз: Қорынт. 2-хат 5:17 және Ғалат. хат 2:20. Сонымен бірге 1-курстағы *Мәсіхпен бірге бастау* бөлімінің аяттарын да қайталаңыз. (Мүмкіндігінше *Бақылау күнделігіңіздің* барлық жерлерін толтыртуға тырысыңыз).
2. Құдаймен бірге өткізген тыныш уақтыңызда және *Киелі кітап* оқыған кезде оқу күнделігіңізде белгіленген ойларыңызды топтағы адамдармен бөлісіңіз.
3. *Аяттарды жаттау принциптері бойынша тапсырманы* орындаңыз.
4. *Киелі кітап оқудағы нұсқаулықтың* 1-тарауындағы «Мойынсұнғыш мәсіхші» бөлімінің 1-12 сұрақтарын талқылаңыз. Осыны істегенде жетекшіге арналған *Сұрақтан сұраққа: кезекпен қатысу* әдісін қолданыңыз. (Топ жетекшілерінің сұхбат жүргізуге қолданатын әр түрлі әдістері 6-сабақта түсіндіріледі.)
5. 3-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (13-бет).
6. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 2-апта

Бастайық. ...

Сіздер әр аптада үш нәрсемен жұмыс істейсіздер:

1. Жаттауға көмектесетін құралдар: бұған аяттар жазылған түбіршіктер жатады.
2. Аяттардың түсіндірмелері: олар сіздерге Құдайдың сөздерінің мағынасын түсіндіріп, аяттарды жатқа пайдалануды жеңілдетеді.
3. Апталық жоспарыңыз: аяттарды жаттау жұмысыңызда алға қарай сүрінбей жылжуыңызға көмектеседі.

Аяттар жайында ...

А БӨЛІМІ. ЖАҢА ӨМІР СҮРІҢІЗ

Әр адамның тәндік өмірі бар. Ал Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіх жүрегімізге келген кезде біз жана рухани өмірге ие боламыз. Демек Исаның өмірі бізде болады.

Осыдан бұрын көргеніміздей осы жаңа өмірді «дөңгелек» арқылы берілген мысалмен көрсетуге болады. Дөңгелек күшін өз білігінен алып айналады. Ал сенушілер өмірінің білігі – Мәсіх, өйткені Ол бәрімізге күш беріп, бізді Өзі үшін өмір сүруге жігерлендіреді (Жохан 15:5). Ол жүрегімізге Құдайды мадақтауға жіберілген Киелі Рух арқылы мекендейді.

Дөңгелектің тоғыны – біз боламыз, яғни Мәсіхтің тоғынымен Тәңір деп танып, Оған мойынсұнған сенушілер. Исаға бағынғанымыз өміріміздің әр сәтіне әсер етеді.

Дөңгелектің шабақтары Құдайдың күдіреті өмірімізге қалай әсер ететінін көрсетеді. Тік шабақтар біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды білдіреді. Көлденең шабақтар басқа адамдармен, демек сенушілермен және сенбеушілермен қатынасымызды суреттейді. Дөңгелектің барлық шабақтары орнында болып дұрыс әрі тең орналасқан болса ол дұрыс айналады.

Дөңгелек өз күшін білігінен алғандай сенушілер де Мәсіхтен рухани күш алады. Бірақ жаңа өмір кітаптың бетін бір аударғандай тез келе қалады деп ойлау дұрыс емес. Құдайдың көңіліне сай өмір сүру үшін міндетті түрде Оның көмегі керек.

Қорынт. 2-хат 5:17 - Мәсіхпен тығыз байланыста болып өмір сүру деген - мүлде жаңа нәрсе. Иеміздің біздің жүрегімізде мекендегені өмірімізге басқа бағыт береді. Иеміз өмірімізде өз билігін орнатқан кезден бастап біздің барлық ескі көзқарасымыз бен ойларымыз өзгереді.

Ғалат. хат 2:20 - Мәсіхпен тығыз байланыста жүрген өзіміз ғана емес, Ол да біздің жүрегімізде өмір сүреді. Осы екі ақиқат біздің Онымен қатынасымыздың маңызды екенін көрсетеді. Сенушілер ретінде біз Иеміздің өлімі мен қайта тірілуі арқылы Оған ұқсастырыламыз. Егер сенімімізді Оған жүктесек біз Оның өмірінің ажары бола аламыз.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Әлі істемеген болсаңыз қазір мынаны істеңіз: аты-жөніңізді, мекен-жайыңызды және телефон нөміріңізді 1-курстан қалған таза түбіршіктердің біреуіне жазып, оны аяттар қобдишаның сыртына орналастырып қойыңыз. Қобдиша жоғалған жағдайда да оны табуға оңай болады. **Қорынт. 2-хат 5:17** мен **Ғалат. хат 2:20** аяттары жазылған түбіршікті қобдишаның сыртындағы мөлдір қалтаның ішіне салып қойыңыз (демек, бұл дәл қазір жаттап жүрген аяттарыңыз). Әсіресе, **Қорынт. 2-хат 5:17** анық көрінуі тиіс.

1-курстан жатталған бес аятты қобдишаның ішіне, қалталарының біреуіне салып қойыңыз. Үйреніп алып, қайталап жүрген аяттарыңызды қобдишаның ішінде сақтаңыз.

2. Егер сіздің тобыңыз жексенбі күні кездесіп жүрсе бірінші аятты дүйсенбі мен сейсенбіде жаттаңыз. Оны тез жаттап алуға тырысып, кем дегенде бір рет қарамай айтуға тырысыңыз. Есте анық сақтап қалу үшін оны дүйсенбі мен сейсенбі күндері жиі қайталап жүріңіз.

3. Сәрсенбі мен бейсенбіде екінші аятты дәл осылай жаттап бірінші аятты қайталаңыз. Ал жұма мен сенбіде екі аятты қоса қайталаңыз.

4. Аятты жаттағанда немесе қайталағанда әрқашан тақырыпты атап, содан соң сілтеме мен аяттың өзін айтып, соңынан қайта сілтемені айтыңыз. Мысалы, «Мәсіх – ортада» тақырыбы, **Қорынттықтарға арналған екінші хат**, бесінші тарау, он жетінші аят. ‘Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланысса, сол – жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!’ **Қорынттықтарға арналған екінші хат**, бесінші тарау, он жетінші аят.

5. *Ескертпе:* Әр түбіршіктің төменгі сол бұрышындағы А деген бас әріп осы аят бар ТБЖЖ бөлімін көрсетеді. Әріптің жанындағы сан аяттың сол бөліміндегі орналасқан жерін көрсетеді. Осы екуін жаттаудың қажеті жоқ; олар сізге аяттарды ретімен табу үшін ғана жазылған.

6. Аптаның соңына қарай, сабаққа келер алдында екі аятты есте сақтау үшін жазып алыңыз немесе өзіңізді тексеру үшін оларды біреуге оқып беріңіз.

«Шын жүректен Саған бет бұрып келемін, Тайдыра көрме мені өсиеттеріңнен. Күнә жасамау үшін Саған қарсы
--

Жүрегіме сақтадым айтқандарыңды..... Бұйрықтарың туралы ойланып - толғанамын, Сенің жолыңа мұқият ден қоямын.» Забур жыр. 118:10-11,15

Аяттарды жаттау принциптері бойынша тапсырма

3- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Жазбаны жаттау:* 15- беттегі 3-аптаға белгіленген жұмысты орындаңыз. «Мәсікке мойынсұну» бөліміндегі екі аятты жаттаңыз: Рим. хат 12:1 және Жохан 14:21.
2. *Тыныш уақыт:* *Киелі кітап оқу күнделігіңіз* бен *Киелі кітап оқу жоспарыңызды* ары қарай қолдана беріңіз.
3. *Киелі кітап оқудағы нұсқаулық:* 13-21-сұрақтарға жауап беріп, «Мойынсұнғыш мәсіхші» деген бірінші тараудың *Қорытындысын* оқыңыз (68-72 беттер).

3-сабақ

Сабақтың жоспары: 17

1. Аяттарды қайталау үшін кіші топтарға бөлініп, «Мәсіхке мойынсұну» деген бөлімдегі екі аятты оқыңыз: Рим. хат 12:1 және Жохан 14:21.
2. Құдаймен өткізген тыныш уақтыңызда өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. *Киелі кітап оқудағы нұсқаулықтың* 1-тарауындағы «Мойынсұнғыш мәсіхші» деген бөлімнің 13-21-сұрақтары мен *Қорытындысын* талқылаңыз (68-72 беттер). Осыны орындау барысында жетекшіге арналған *Сұрақтан сұраққа: еркін қатысу* әдісін қолданыңыз.
4. 4-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (15-бет).
5. Сабақты бітірмей тұрып топтарға бөлініп, әрқайсыңыз мына аяттарды айтып шығыңыз: Қорынт. 2-хат 5:17, Ғалат. хат 2:20, Рим.хат 12:1 және Жохан 14:21.
6. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 3-апта

Аяттар жайында

2- ТАҚЫРЫП. МӘСІХКЕ МОЙЫНСҰНУ

Иса өз билігін біздің Оған мойынсұнуымызбен тығыз байланыстырады. Ол Өзі айтқандай. «Егер сендер айтқанымды орындамасаңдар, несіне Мені «Мырза, Ие» дейсіңдер?» (Лұқа 6:46). Біз күнделікті өмірімізде Исаға бағынышты өмір сүрсек, өмірімізде Оның билігінің бар екенін білеміз.

Римдіктерге 12:1 - Бұл аят бізді Мәсіхке жан-тәнімізбен берілуге шақырады. Мұның бір үлкен себебі бар – Иеміз бізді құтқару үшін Өзі аса құнды қанын төгіп, күнәларымыздың құнын төледі. Біз Оған толық сеніп, бағынышты өмір сүрсек, Оның бізге көрсеткен жолдары үнемі игі, жарасымды және дұрыс екеніне көзіміз жетеді.

Жохан 14:21 - Исаның Сөзіне мойынсұну – Иемізді сүйетіндігіміздің дәлелі болып табылады. «Өсиеттерімді көңілдеріне сақтап, орындап жүргендер – Мені сүйетіндер». Бірақ сол өсиеттерді көңілімізде сақтап, орындау үшін біз оларды алуымыз керек, демек Иеміздің Өзінің Сөзі арқылы бізге не айтқанын білуіміз керек. Осы себепті келесі аптадан бастап Оның Сөздерін оқып, аяттарды жаттау маңызды болады.

1. Рим. хат 12:1 және Жохан 14:21 аяттарын қорапшаңыздың мөлдір қалтасына салып, Рим. хат 12:1 аятын көрінетіндей етіп сыртқа қаратып қойыңыз.
Сіз Қорынт. 2-хат 5:17 және Ғалат. хат 2:20 аяттарын жаттап алған боларсыз. Енді оларды тұрақты қайталап жүру үшін қорапшаның ішіне салып қойыңыз.
2. *Мәсіхпен бірге бастау* тақырыбының бес аяты мен өткен аптада үйренген екі аятты күн сайын қайталап жүріңіз.
3. 2-аптада жаттағандай осы аптада да екі жаңа аятты жаттаңыз. Егер сіздің 2:7 тобыңыз жексенбіде кездесетін болса, бірінші аятты дүйсенбі мен сейсенбіде, ал екінші аятты сәрсенбі мен бейсенбіде үйреніңіз. Жұма мен сенбіде оларды қайталаңыз. Рим. хат 12:1-аятты үйренген кезде осы түбіршекті қорапшаның ішіне салып қойып, Жохан 14:21-аятты сыртына шығарыңыз.
4. Жаңа аятты үйренудің ең жақсы екі мезгілі туралы ұмытпаңыз: мұны кешке, жатар алдында және таңертең оянған кезде істегеніңіз дұрыс.
5. Аяттар салынған қорапшаңызды үнемі өзіңізбен бірге алып жүріңіз, бос уақытыңызда оларды қайталап, Құдай Сөзі жайында ойланыңыз.
6. Аптаның соңына қарай, сабаққа келерде жаңа аяттарды есте сақтау үшін жазып алыңыз немесе өзіңізді тексеру үшін оларды біреуге оқып беріңіз.

4-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Жазбаны жаттау*: 4-аптаның жұмысын орындаңыз (16-бет). «Сөз» бөліміндегі екі аятты жаттаңыз: Тимоте. 2-хат 3:16 және Ешуа 1:8.
2. *Тыныш уақыт*: Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітап оқудағы нұсқаулық*: 2-тараудағы «Сіздің өміріңіздегі Құдай Сөзі» бөлімінің барлық сұрақтарына жауап беріп, оның *Қорытындысын* оқыңыз (73-79 беттер).

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, «Құдай Сөзі» деген бөлімдегі екі аятты оқыңыз: Тимоте. 2-хат 3:16 және Ешуа 1:8.
2. Құдаймен өткізген тыныш уақытыңызда өзіңізге келген және *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгілеген ойларыңызды топтағы адамдарға айтып бөлісіңіз.
3. *Киелі кітап оқудағы нұсқаулықтың* 2-тарауындағы «Сіздің өміріңіздегі Құдай Сөзі» деген бөлімді талқылаңыз (73-79 беттер). Осыны орындау барысында жетекшіге арналған *Сұрақтан сұраққа: дайын сұрақтарды пайдалану* әдісін қолданыңыз.
4. 5-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (17-бет).
5. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 4-апта

Аяттар жайында

3- ТАҚЫРЫП. СӨЗ

Киелі кітап – мәсіхшілер өмірінің шын мәніндегі негізі болып табылады. Өйткені Иса Мәсіх туралы білгеніміздің бәрін біз Киелі кітаптан үйренеміз.

Тимоте. 2-хат 3:16 - Бұл аят бізге Киелі жазбаның Құдайдың Рухының жетелеуімен жазылғанын айтады. Елші Петір былай деген: «Себебі бұл пайғамбарлық сөздер ешқашан адам баласының қалауымен пайда болған емес, қайта, Құдайға бағышталған қасиетті адамдарға Оның хабарларын айтуға Құдайдың Киелі Рухы қозғау салып отырды» (Петір. 2-хаты 1:21). Киелі жазбалар бізге тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі адалдыққа тәрбиелеу үшін берілген. Құдай өз Сөзін бізге білімімізді көбейту үшін берген жок. Ол біздің Киелі Рухтың жетегінде болып, өмірімізді Оған сеніп тапсырғанымызды қалайды.

Ешуа 1:8 - Бұл аят Құдайдың мынадай уәдесін көрсетеді: Оның Сөзін орындап жүрген адамдар әрқашан да табысты болады. Осы қуанышқа жетудің бірінші қадамы – Оның Сөзін есте сақтап, терең ойлану. Осы курста үйренген аяттарды өмірімізде пайдалану жолдарын іздестіріңіз.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Тимоте. 2-хат 3:16 және Ешуа 1:8 аяттарын қобдишаңыздың сыртына орналастырыңыз. Біріншіден Тимоте. 2-хат 3:16 аятын сыртқа қаратып қойыңыз. Ал Рим. хат 12:1 және Ғалат. 2:20 аяттары қобдишаның ішінде болып, қайталанып тұрсын.
2. Әр күні үйренген аяттарды қайталап жаңа аяттарды жаттап жүріңіз. Екінші аятты зейін қойып үйренер алдында біріншісін жақсылап жаттап алыңыз.
3. Егер сіз жаңа аятты тезірек жаттағыңыз келсе, біріншіден, ол жайында терең ойланып, жазып ала аласыз.
4. Үнемі бірінші тақырыпты, содан соң сілтемені, аятты және қайтадан сілтемені айтыңыз.
5. Аптаның аяғына қарай, сабаққа келер алдында екі аятты есте сақтау үшін жазып алыңыз немесе өзіңізді тексеру үшін оларды біреуге оқып беріңіз.

Жетекшінің жоспары: «Сіздің өміріңіздегі Құдай Сөзі» 20

деген бөліміне арналған сұрақтар

(1-сұрақ жайында) «Киелі кітап “Құдайдың дарытумен” жазылған дегенді қалай түсінесіз?»

(2-сұрақ, Қорынт. хат 2:12-13) «Киелі Рухтың біреуге Жазбаны түсінуге көмектескені қандай мысалдарда бар?»

(3-сұрақ, Матай 24:35) «Мәсіхтің сөздері еш жойылмайды дегенді қалай түсінуге болады?»

(3-сұрақ, Жохан 17:17) «Шындық» деген сөздің сіз үшін қандай мағыналары бар?

(5-сұрақ, Жохан 5:39) «Мәсіх әлі туылмай тұрып Көне Келісімде Ол туралы айтылған болатын. Осының қандай себептері бар?»

(6-сұрақ, Еремия 23:29) «Осы, нағыз өмірде Құдай Сөзі «балға тәрізді» еңбек етіп жатқанын сіз қалай сезесіз?»

(8-сұрақ) Бірнеше адамдар осы сұрақтың екінші бөлімі жайында өздерінің жазған жауаптарын оқып берсін.

(12-сұрақ) Бірнеше адамдар ә бөлімі жайында өздерінің жазған жауаптарын оқып берсін.

(13-сұрақ) «Бірінші жыр жайында ойланған кезіңізде сізге қандай ойлар келді?»

5- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Жазбаны жаттау:* 5-аптаға белгіленген жұмыстарды орындаңыз (18-бет). «Дұға» деген бөлімдегі Жохан 15:7 аятты жаттаңыз. 19-20 беттердегі Өзін-өзі тексеру тапсырмасын орындаңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітап оқудағы нұсқаулық:* Барлық сұрақтарға жауап беріп, «Құдаймен сөйлесу» бөлімінің *Қорытындысын* оқыңыз (80-87).

Сабақтың жоспары: 21

1. Кіші топтарға бөлініп «Дұға» деген бөліміндегі бірінші аятты оқыңыз: Жохан 15:7. (Мүмкіндігінше *Бақылау күнделігіңіздің* барлық жерлеріне қол қойғызуға тырысыңыз.)
2. 19-20 беттердегі *Өз- өзіңізді тексеру тапсырмасын* қысқаша талқылаңыз.
3. Құдаймен өткізген тыныш уақытыңызда өзіңізге келген және *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгіленген ойларыңызды топтағы адамдарға айтып бөлісіңіз.
4. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 3-тарауындағы «Құдаймен сөйлесу» деген бөлімді талқылаңыз (80-87 беттер). Осыны істегенде нұсқаулыққа арналған *Бөлімнен бөлімге: дайын сұрақтарды пайдалану* әдісін қолданыңыз.
5. 6-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (21-бет).
6. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 5-апта

Аят жайында

4- ТАҚЫРЫП. ДҰҒА

Аспандағы Әкемізбен тікелей сөйлесу – Құдай балаларының ең тамаша айырықша құқығы. Ізгі Хабар бізді Құдайға дұға етіп жалбарынуға шақырады, осыны біз әсіресе қиын жағдайларда істеуге ұмтыламыз. (Еврей. хат 4:16)

Жохан 15:7 – Біз дұға етіп сұрағанымызды Құдайдан алу үшін екі нәрсе болу керек. Біріншіден біз Мәсіхпен үнемі тығыз байланыста болуға тиіспіз. Екіншіден Оның Сөзін жүрегімізде сақтап, оны орындап өмір сүруіміз керек.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Өткен апталарда қолданған жоспарлар бойынша жұмыс істей беріңіз. Жохан 15:7 және Філіпі. 4:6-7 аяттарын қобдишаңыздың сыртына орнатыңыз. Осы аптада сіз Жохан 15:7 аятын жаттайсыз.
2. Аяттарды қайталаған кезде тек тақырыпқа немесе тақырып пен сілтемеге қараңыз. Аяттың бірінші сөздеріне көз тастағаннан сақ болыңыз, бұл келешекте аятты еске түсіргенге бөгет болуы мүмкін.
3. Жаңадан жатталып жүрген аятты аптаның аяғына қарай жеке жазып алып дұрыс үйренгеніңізді тексеру үшін біреуге айтып беріңіз.
4. Өзін-өзі тексеру тапсырмасын орындаңыз.

Өзін-өзі тексеру тапсырмасы 22

Сіз 1-аптадан 5-аптаға дейін *Жазбаны жаттауға арналған нұсқауларды* оқып шыққаннан кейін бұл тапсырма сізге Жазбаны жаттау принциптерін қалай игеріп алғаныңызды көруге көмектеседі. Дұрыс жауаптар осы тапсырманың соңында 20-бетте көрсетілген. 1, 4, 8 және 9-сұрақтарға жауап беру үшін Д (дұрыс) немесе Б (бұрыс) деген әріптердің біреуін айналдыра сызып қойыңыз.

1. Жазбаны жаттау – жаныңызды рухани нәрлендіріп, жан дүниеніңізді қажетті рухани құралдармен толтырғандай.

Д Б

2. Төменде екі топқа бөлінген жарты сөйлемдер бар. Оларды біріктіру үшін дұрыс жалғастардың санын әр сөйлемнің алдына қойыңыз.

а. *Анталық* жоспарыңыздағы нұсқаулар бойынша жұмыс істегеніңіз дұрыс, өйткені

ә. *Аят жайында* деген бөлімін оқып, оның Киелі кітаптағы мәнмәтінін түсінуге тырысу керек себебі

б. Жатталған аяттарды...

в. Сілтемені аяттың алдында және аяттан кейін айту әдісі ..

г. Аяттарды жаттар алдында курстың тақырып жоспарымен танысу..

ғ. Керекті аятты жазып алу ...

д. Аяттар жазылған түбіршіктерді өзіңізбен үнемі алып жүргеніңіз ...

е. Аятты қайталаған кезде оның бірінші сөздеріне көз тастағаннан сақ болыңыз себебі.....

(1) бұл сізге жатталып жүрген аяттарды терең түсінуге және оларды есте сақтап, өміріңізде қолдануға көмектеседі.

(2) сізге күннің ағымында бола қалған бос кездерде Құдай Сөзі туралы ойланып, аяттарды есте сақтауға көмектеседі.

(3) сізге жалпы көріністі беріп, Жазбаны жаттаудың маңызды екенін көрсетеді.

(4) бұл сізге аяттарды жаттау жұмысыңызда қате жібермей алға жылжуыңызға көмектеседі.

(5) кейін аятты еске түсіру қиын болуы мүмкін.

(6) сізге керекті үзіндінің Киелі кітаптың қай жерінде орналасқанын ұмытпауға көмектеседі.

(7) оны тез жаттауға көмектеседі.

(8) қайталап жүру үшін оларды оңай жерде ұстау керек.

3. Өзіңіз үшін Жазбаны жаттаудың себептерін анық білу неліктен сонша маңызды? (Дұрыс жауапты тауып белгілеңіз.)

- а. Мақсатыма жеткен кезде мен осы себептерді есімде сақтамасам да болады.

- ә. Өзімнің жаттау жұмысыма мақтана аламын.

- б. Бұл себептерді анық білгенім маған жігер беріп табысқа жеткізеді.

4. Сіздің Жазбаны жаттау жұмысыңыздағы табысыңыз толығымен өз қабілетіңіз бен батылдығыңызға байланысты.

Д Б

5. Тақырыпты аятпен қоса үйрену әдісі... 23
- а. бұл курста міндетті емес нәрсе.
 - ә. сізге ой ілмек бергендей керекті аятты қажетті кезде еске түсіруге көмектеседі.
 - б. жаттау жұмысын одан да әрі күрделендіреді. Сондықтан бұл аятты жаттау ақыл-ой үшін жақсы жаттығу болып табылады.
6. Аяттарды сөзбе-сөз жаттаған ең дұрыс себебі бұл....
- а. сізге кез келген нәрсені түп-түгел қарауды үйретеді.
 - ә. ойыңызда анығырақ әсер қалдырғандықтан аяттарды есіңізге түсіру оңайырақ болады.
 - б. қайталау жұмысыңызды жеңілдетеді.
 - в. Жазбаны жақсы білгеніңіз басқаларға қатты әсер етеді.
 - г. сізге аяттарды қолданғаныңызда батылдық береді.
7. Неліктен сізге әр аптада тек бір немесе екі аятты ғана жаттауға ұсыныс берілді?
- а. Сізге аяттың мағынасын түсінуге толық мүмкіндік беру үшін.
 - ә. Сізді курсты тым тез бітіргеніңізден ұстап қалу үшін.
 - б. Сізге аят жайында ойланып оны өз өміріңізде қолдануға уақыт беру үшін.
 - в. Сіздің есте сақтау қабілетіңізді жетілдіріп Жазбаны жаттау жұмысында табысқа жеткізу үшін.
 - г. Сізге осы жұмысты бір ғылыми бекітілген дұрыс мерзімде істетіп көру үшін.
8. Сіздің күнделікті істелетін жаттау жұмысыңызды ертерек бастаудың ең тамаша жолы оны таңертеңгі тыныш уақытыңызға арнайы бөлік ретінде енгізу.
Д Б
9. А бөліміндегі аяттар Мәсіхтің билігіндегі, Оған мойынсұнуда өткен өмір жайында айтады.
Д Б

Дұрыс жауаптар:

1-Д; 2 - а-4, ә-1, б-8, в-6, г-3, ғ-7, д-2, е-5; 3-б; 4-Б; 5-ә; 6-ә,б,г; 7-а,б,в;
8-Д; 9-Д.

Жетекшінің жоспары: **«Құдаймен сөйлесу» бөліміне арналған сұрақтар**

- 1-сұраққа дейін жазылғанды оқушылардың біреуіне оқытыңыз.
(1-3 сұрақтар) *Дұға - сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыз* деген бірінші бөлімді оқығанда сізге әсер еткен нәрселердің кейбіреуі қандай?
- (1-сұрақ) Осы сұрақтың 2-бөлігіндегі «неге» дегеніне бірнеше оқушылар жауаптарын оқып берсін.
«Қайырымдылық» деген сөз сізге нені білдіреді?
«Рақым» деген сөз сізге нені білдіреді?
- (2-сұрақ Салоника. 1-хат 5:17) Үздіксіз дұға ету дегенді қалай түсінуге болады?
- (3-сұрақ) Мадақтау мен ризашылық білдірудің арасында қандай айырмашылық бар?

- Оқушылардың біреуі 3-сұрақтан кейінгі сөздерді оқып шықсын. 24
- 4-сұрақтың алдындағы тақырыптың аты мен сөйлемді біреу оқып берсін.
- (4-6 сұрақтар) Өзіңіз оқып білгеніңіз бойынша дұға етудің қандай пайдасы бар екеніне көзіңіз жетті?
- (5-сұрақ) Осы сұрақтың екінші бөлігіне екі немесе үш адам өздерінің жауаптарын оқып берсін.
- (5 мен 6 сұрақтар) *Қорқыныш* пен *алаңдаудың* арасында қандай айырмашылық бар?
- (6-сұрақ) *Алаңдау* мен жауапкершілікке негізделген *қамқорлық көрсетудің* арасында қандай айырмашылық бар?
- (7-сұрақ) Дұғаның жауабын алу үшін қажет болатын кейбір жағдайлар қандай? (Забур. жыр 65:18) Біз анда-санда жасап қоятын күнәның және әбден, үнемі батып жүретін, яғни «жанымыз ұнататын» күнәның арасында қандай айырмашылық бар?
- (Жохан 15:7) «Тығыз байланыста болу» дегенді қалай түсінесіз?
- (Жохан. 1-хаты 5:14-15) «Кұдайдың еркіне сай» дұға етуге бізге не көмектеседі?
- Біреуге 7-сұрақтан кейін берілген бапты оқытыңыз.
- (8-сұрақ) Әркім «а» бөліміндегі «неге» деген сұраққа өз жауабын оқып берсін. Оқушылардың бірнешеуі «ә» бөлімі жөнінде өз жауаптарын оқып берсін. Оқушылардың бірнешеуі «б» бөлімі жөнінде өз жауаптарын оқып берсін.
- (9-13 сұрақтар) Біз кім үшін дұға етуіміз керек?
- (11-сұрақ) Осы сұрақтың бірінші бөліміне бірнеше оқушы өз жауаптарын оқып берсін.
- (13-сұрақ) Бірнеше оқушы осы сұраққа жауаптарын оқып берсін. Әрқайсысы сөзді бірнеше рет ала алады.
- (14-16 сұрақтар) *Күн сайын Кұдаймен сөйлесу* деген бөлімде сізге ең қатты әсер еткен нәрсе не болды?
- (14-сұрақ) Бір-екі адамнан 14-сұрақтан кейін берілген суреттемені қалай түсінетінін сұраңыз.
- (16-сұрақ) Бірнеше оқушы осы сұраққа жауаптарын оқып берсін. Содан соң олардың біреуі осы сұрақтан кейін берілген сөздәйекті (цитатты) оқып берсін. Соңында, біреу 87-беттегі *Қорытындыны* оқып берсін.

6- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Аяттарды жаттау*: 23-беттегі *6-апта* деген бөлімнің жұмысын оқып орындаңыз. «Дұға» деген бөлімдегі екінші аятты жаттаңыз: Філіпі. хат 4:6-7.
2. *Тыныш уақыт*: Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітап оқудың нұсқаулығы*: 4-тараудағы «Мәсіхшілермен қарым-қатынаста болу» бөлімінің барлық сұрақтарына жауап беріп, оның *Қорытындысын* оқыңыз (88-95 беттер).
4. *Басқа жұмыстар*: *Бақылау күнделігіңіздегі* барлық тапсырмаларды орындаңыз.

Сабақтың жоспары: 25

1. Кіші топтарға бөлініп «Дұға» деген бөлімдегі екінші аятты оқыңыз: Філіпі. хат 4:6-7. (Мүмкіндігінше *Бақылау күнделігіңіздің* барлық жерлеріне қой қойғызуға тырысыңыз.)
2. Құдаймен өткізген тыныш уақытыңызда өзіңізге келген және *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгіленген ойларыңызды топтағы адамдарға айтып бөлісіңіз.
3. *Киелі кітап оқудың нұсқаулығының* 4-тарауындағы «Мәсіхшілермен қарым-қатынаста болу» деген бөлімді талқылаңыз (88-95 беттер). Осыны істегенде жетекшіге арналған *Бөлімнен бөлімге: дайын сұрақтарды пайдалану* әдісін қолданыңыз.
4. *Киелі кітап оқу тобын жүргізуге арналған төрт нәтижелі әдісті* талқылау (24-25 беттер).
5. *Түсіндірме сұрақтарды сипаттау* бөлімін қысқаша талқылап шығу.
6. 7-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (26-бет).
7. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Аяттарды жаттауға арналған нұсқаулар - 6-апта

Аят жайында

4-ТАҚЫРЫП. ДҰҒА

Дұға – уайымды жоятын Құдайдың бізге берген уға қарсы дәрі сияқты. Дұға етуге тұрмайтын тым кіші немесе тым үлкен мәселе жоқ. Барлық мәселе туралы дұға етуге болады.

Філіпі. хат 4:6-7 - Бұл аят Құдай қалайтын дұға етудің ерекше түрі жайында. Ол – ризашылық білдіріп дұға ету. Уайымдардан құтылған сайын Құдайға барлық нәрселер үшін шүкірлік етіңіз – қиыншылықта да, қуанышта да осының бәрі үшін риза болуды үйреніңіз.

Е.М.Баундс өзінің «Дұға мен дұға ететін адамдар» деген мақаласында Пауылдың Жазбада дұға жайында айтылған пікірі туралы былай жазған: «Біріншіден, дұға – барлық міндеттерден жоғары. Қандай жұмыс болсын оны дұғамен бастау керек. Оның мағынасы мен күшінің зор болғаны соншалық, ол рухани байлықтардың ішінде бірінші орында тұру тиіс. Дұға етпеген адам – өмір сүріп жүрген адам емес. Ол – бишара, тіпті бишарадан да нашар. Мәсіх, Құдай мен аспан алдында ол «нөлден де кіші». Біздің жеңісіміз тек дұғаға байланысты. Дұғаны екінші орынға қою – оның маңыздылығынан бас тартқанмен бірдей. Бұл – Оның игі құдіретінің қызметіне бөгет жасау. Бірақ, дұға бірінші орынға қойылса, онда – шынымен жеңіске ие болғанымыз. Дұға өмірімізде үстем болмаса одан бірден бас тарту керек. Сонымен, сіз нені таңдайсыз?»

1. Жохан 15:7 аятын қобдишаңыздың ішіне басқа қайталанатын аяттармен бірге салып, Філіпі. 4:6-7 аятын қобдишаңыздың сыртына орнатыңыз.
2. Күндізгі бос уақытыңызды аяттарды қайталап, олар жайында ойлануға жұмсауды ұмытпаңыз.
3. Жаңадан жатталып жүрген аятты аптаның аяғына қарай жеке жазып алып дұрыс үйренгеніңізді тексеру үшін біреуге айтып беріңіз.

**Жетекшінің жоспары: «Мәсіхшілермен
қарым-қатынаста болу» бөліміне арналған сұрақтар**

Біреу 1-сұрақтың алдында берілген сөздәйекті оқып берсін.

(1-5 сұрақтар) *Жазбаға негізделген қарым-қатынас* деген бөлімнен сізге қандай жаңа ойлар келді?

(1-сұрақ) Сіздің ойыңызша рухани бауырлар мен әпке-қарындастардың арасында қандай қарым-қатынас болуға тиіс?

(2-сұрақ, *Ғалат. хат 6:2*) «Біріннің ауыр жүгінді екіншің көтересіңдер» деген сөздерді қалай түсінесіз?

(*Ғалат. хат 6:2*) Бұл аят кімге қатысты?

(*Жақып 5:16*) Біз істеген күнеларымыздың бәрін басқа сенушілермен талқылауымыз керек пе?

(3-сұрақ) Осы сұраққа кім жауап бергісі келеді? Мүмкін сіздің бөліскеніңіз басқаларға жақсы демеу болып, оларды ынталандыратын шығар?

(4-сұрақ) Басқа сенушінің сізге келіп кешірім сұрағанын қандай жағдайларда күтетін едіңіз?

Біреу 4-сұрақтың соңында берілген сөздәйекті оқып берсін.

(5-сұрақ) «а» тармағындағы сұраққа қанша адам «иә» немесе «жок» деп жауап бергенін қол көтеріп көрсетсін.

Бірнеше адам «ә» тармағындағы сұраққа өз жауаптарын оқып берсін.

Бірнеше адам «б» тармағындағы сұраққа өз жауаптарын оқып берсін.

(6-9 сұрақтар) *Қарым-қатынастың мақсаты* деген бөлімде сізге әсер еткен нәрселердің кейбіреуі қандай?

(6-сұрақ, *Нақыл сөз. 27:17*) Біз, мәсіхшілер ретінде бір-бірімізді қалай жетілдіретінімізді сіз қалай сезесіз?

(*Уағыздаушы 4:9-10*) «Біреу болғаннан екеу болған жақсы» деген жағдайға байланысты қандай мысал келтіре аласыз?

(8-сұрақ) Осы сұраққа бірнеше оқушы өз жауаптарын оқып берсін.

(9-сұрақ) Кім осы сұраққа жауабын айтып басқалармен бөліскісі келеді?

(10-15 сұрақтар) *Мәсіхтің рухани денесі* деген бөлімде қандай жаңа нәрсемен таныстыңыз?

(11-сұрақ) Біздің өз қамымызды ойлайтынымыздың мысалдарын келтіріңіз. Ал, енді қалай басқа сенушілердің қамын ойлап, оларға көмек бере алатынымыз жайында сөйлесейік.

Бірнеше оқушы «б» тармағындағы сұраққа өздерінің жауаптарын оқып берсін.

(12-сұрақ) Бірнеше оқушы осы сұрақтың бірінші бөлігіне жауап берсін. Бірнеше оқушы осы сұрақтың екінші бөлігіне жауап берсін.

(13-сұрақ) Осы сұрақтың жауабын топтағы әр оқушы оқып берсін.

(13 пен 14 сұрақтар) *Біртұтастық* пен *біркелкіліктің* арасында қандай айырмашылық бар?

27 (14-сұрақ) Бірнеше оқушы 14-сұрақта айтылған қасиеттердің біреуін атасын.

Сол қасиеттің сенушілер тобының бір тұтас болуына қалай мүмкіндік туғызатынын талқылаңыз.

(16-20 сұрақтар) *Жергілікті қауым* деген бөлімде сізге әсер еткен нәрселердің кейбіреуі қандай?

(17-сұрақ) Рухани қызметтің қанша пайызы «кәсіби» мәсіхшілермен, ал қанша пайызы қатардағы сенушілермен атқарылу керек?

Бірнеше оқушы 17-сұрақтың екінші бөлігіне өздерінің жауаптарын оқып берсін.

Топ мүшелерінің бір-екеуі 17-сұрақтан кейін берілген сызбаның мағынасын түсіндіріп берсін.

(19-сұрақ) Бірнеше оқушы «а» тармағына арналған жауаптарын оқып беріп, олар жайында пікір алыссын.

Топтағы біреу 20-сұрақтан кейін берілген сөздәйекті оқып берсін.

Топтағы біреу 95-беттегі *Қорытындыны* оқып берсін.

Киелі кітап оқу тобын жүргізуге арналған төрт нәтижелі әдіс

1. Сұрақтан сұраққа -- кезекпен қатысу

Бұл әдіс бойынша сіз оқушыларды айнала сұрап шығасыз. Бірінші адам бірінші сұраққа жауап бергеннен кейін екіншісі келесісіне жауап береді және осылай жалғаса береді. Әркім өзіне берілген сұраққа жауап бергеннен кейін басқалар осы жайында оған өз ойларын айтып қоса алады.

Жас сенушілер үшін бұл әдісті қолдану өте маңызды. Бұл оларды өз күшіне сендіреді. Олар сұхбаттың барысына қарап, оның өздерін қайда жетелейтінін көре алады.

2. Сұрақтан сұраққа -- еркін қатысу

Бұл әдісте сұрақтар әлі де кезекпен қойылады, бірақ топтағы әркім өз еркімен жауап береді. Жетекші, сұрақты оқып беріп: «Осы сұраққа кім жауап бергісі келеді?» деп айта алады. Немесе, оны оқымай-ақ: «5-сұраққа кім жауап бергісі келеді?» деп сұрай алады.

Бұл әдістің бір қауіпті жері: кейбір оқушылар пікірталасқа аса белсенді қатысса, қалғандары үндемей отырып қалуы мүмкін. Жетекшіге кейде осындай жағдайда үндемей отырған адамнан: «Сіз 6-сұраққа жауап бергіңіз келмей ме?» деп сұрауға тура келеді.

3. Сұрақтан сұраққа -- дайын сұрақтарды пайдалану

Бұл әдіс бойынша оқушылар кезекпен де, өз еркімен де жауап береді. Жоғарыда қаралған екі әдіске қосымша ретінде жетекші кейбір берілетін жауаптар жайында сұрақтар дайындап келеді. Бұл әдіс әдетте сұхбатқа қатысушыларды алдыңғы екі әдістен де көбірек ынталандырады. 25-бетте сіз түсіндірме-сұрақтар туралы көбірек біле аласыз.

4. Бөлімнен бөлімге -- дайын сұрақтарды пайдалану

Бұл әдіс жетекшіден гөрі көбірек топқа қатысты. Осы жағдайда пікір алысу сабақта өтіліп жатқан тақырыптың ішінде болып, ашық әрі еркін өтеді.

Топ жетекшісі біріншіден бүкіл топтан сол өтілген бөлімнен жалпы не үйренгенін сұрайды. Киелі кітап оқу нұсқаулығының 3-тарауы жайында ол былай сұрай алады: «Оқығаныңыз бойынша, дұғаның пайдалы екені жөнінде не

28 үйрендіңіз?». Содан соң кез келген оқушы 4-6 сұрақтарда өзіне не әсер еткені туралы жауап бере алады. Жүргізуші де топқа арнап біраз сұрақтар дайындап келіп, оларды өткен тақырыпты тереңірек түсіндіруге, сонымен бірге жеке пікір бөлісуде жігерлендіруге қолданады.

Топ мүшелері осы талқылау жұмысына қатысу үшін сабаққа жақсылап дайындалып келу керек. Сұрақтан сұраққа деген әдістерді кейбір топ мүшелері дайындалып келмеген жағдайда да қолдануға болады. Бірақ барлық сұрақтарға жауап бермей келген адамға *Киелі кітап оқу нұсқаулығы* туралы пікір алысуға қатысу өте қиын.

Түсіндірме-сұрақтарды сипаттау

1. Түсіндірме-сұрақтар

- a. Түсіндірме-сұрақ оның алдында қойылған сұрақтың жауаптары жөнінде қойылады.
- ә. Түсіндірме-сұрақ төмендегі нәрселерді атқарады:
 - (1) пікірталасқа белсенді қатыстырады
 - (2) топ жетекшісіне маңызды ойды көрсетуге жол береді
 - (3) топ мүшелері тақырыпты қате түсінген кезде, жетекшіге осыны анықтап беруге жол береді.
- б. Түсіндірме-сұрақтар өзара байланыстар жөнінде қойыла алады. Мысалы: «Киелі Жазбамен дұғаның арасында қандай байланыс бар?» – деп сұрауға болады (3-тарау, 14-сұрақ).
- в. Түсіндірме-сұрақтардың басқа түрі айырмашылықтарға байланысты: «Құдайға ризашылық айту мен Оны мадақтаудың арасында қандай айырмашылық бар?» (3-тарау, 3-сұрақ).
- г. Түсіндірме-сұрақтардың тағы да басқа түрі синонимдік сұрақтар (яғни, негізгі сұраққа мағынасы жақын сұрақтар): «*Қайырымдылық* деген сөз сізге нені білдіреді? Осы сөзді түсіндіретін қандай басқа сөздер мен сөз тіркестерді келтіре аласыз?» (3-тарау, 1-сұрақ).
- ғ. Топ мүшелерінен мысал арқылы бір шындықты түсіндіріп беруді сұрау да түсіндірме-сұрақ бола алады: «Өзімшіл, тек қара басының қамын ойлаған адам қандай мысалдар келтіретін еді?» (4-тарау, 11Б-сұрақ).

Дайындалған әрі сезімтал жүргізуші болыңыз

Орынды түсіндірме-сұрақтарды бірден қою оңай емес, сондықтан топ жүргізушінің *оларды алдына ала дайындап қойғаны* өте маңызды. Жүргізуші қолданамын деп ойлайтын мөлшерден әлдеқайда көбірек түсіндірме-сұрақтарды дайындап қою керек. Кейін оған қажетті сұрақтарды таңдап отыру жеңіл болады. Осы сұрақтар пікір алысудың барысы мен Киелі Рухтың жетелеуімен сәйкес болуы үшін жүргізуші дұға етуі тиіс.

Пікір алысу кезінде адамдардың мүддесі мен мұң-мұқтаждарын байқап білуге мүмкіндік болады. Осы жайттар жөнінде түсіндірме-сұрақтар қойылса, пікір алысу да тиімді, жоғары нәтижелі болып өтеді. Сонда Құдай пікір алысуды жарылқап, барлық қатысушыларға көмек береді.

7- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА: 29

1. *Жазбаны жаттау:* 27-беттегі *7-апта* деген бөлімнің жұмысын оқып орындаңыз. «Қарым-қатынас» деген бөліміндегі бірінші аятты жаттаңыз: Матай 18:20
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітап оқу нұсқаулығы:* 5-тараудағы «Мәсіх туралы куәлік беру» бөлімнің барлық сұрақтарына жауап беріп, оның *Қорытындысын* оқыңыз (96-102 беттер).
4. *Басқа жұмыстар:* 29,31 беттердегі *Жеке куәлік беруге неліктен дайындалу керек?* және *Куәлік беруге дайындық жайында* бөлімдерге назар аударып өтіңіздер.

7-сабақ өте маңызды әрі мазмұнды. Ертерек келіп, сабақты дұрыс бастау үшін жақсылап орнығып алыңыз.

Сабақтың жоспары: 30

1. Кіші топтарға бөлініп «Қарым-қатынас» деген бөлімдегі бірінші аятты оқыңыз: Матай 18:20. (*Бақылау күнделігіңіздің барлық жерлеріне қол қойғызуға тырысыңыз.*)
2. *Киелі кітап оқу нұсқаулығының* 5-тарауындағы «Мәсіх туралы куәлік беру» деген бөлімді талқылаңыз (96-102 беттер).
3. Жақсы куәлік беруге дайындалу жайында пікір алысу.
 - а. Оқылған бөлімдерді қарап шығу, *Жеке куәлік беруге неліктен дайындалу керек?* және *Куәлік беруге дайындық жайында: жалпы ескертпелер* (29,31 беттер)
 - ә. «*Жүзім*» арқылы берілген мысалдарды қараңыз (30-бет).
 - б. *Куәлік беруге көмек* деген бөлімді оқыңыз (31-33 беттер).
 - в. *Куәлік беру жоспарының екі түрін* қараңыз (34-бет).
 - г. Біреудің куәлік бергенін тыңдаңыз.
4. 9 бен 12- сабақтардың шамаланған уақыты мен өтетін орны жөнінде сөйлесіңіз.
5. 8-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (35-бет).
6. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 7-апта*Аят жайында***5-ТАҚЫРЫП. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

Мәсіхке мойынсұсынған сенуші басқа сенушілермен қарым-қатынаста болуға белсенді түрде талпынады. Ол осыны жеке достықта да, кіші топтарда да, қауымдарда да іздейді. Бір дененің мүшелері ретінде біз бір-бірімізге тәуелдіміз. 2:7 серия тобыңызда сіз басқа сенушілердің өз өміріңізге үлкен үлес қоса алатынына көзіңіз жетеді. Бұл – Құдайдың жоспарын білдіреді: «Сонымен сендер бірігіп Мәсіхтің рухани денесі, ал жеке дара оның бір мүшесісіңдер!» (Қорынт. 1-хат 12.27); «Сонымен сендер енді не бөтен, не келімсек сияқты емес, Құдайдың халқы болып келген яһуди сенушілерімен бірдей, сол халықтың азаматысыңдар, тіпті «Құдайдың отбасысының мүшелерісіңдер!» (Ефес. хат 2:19).

Матай 18:20 – Бұл аят мәсіхшілердің шын қарым-қатынастары Иеміз Иса Мәсіхті бірінші орынға қоюға негізделгенін түсіндіреді. Бұл – тек бірге уақыт өткізу емес. Оның мағынасы әлдеқайда зор. Біз осындай қарым-қатынаста болу үшін бірге жиналғанмызда Ол Өзі арамызда болатынына уәде берді.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Матай 18:20 және Еврей. хат 10:24-25 аяттарын қобдишаңыздың сыртындағы мөлдір қалтаға орнатыңыз. Сіз осы аптада тек Матай 18:20 аятын үйренесіз, ал келесі аптада Еврей. хат 10:24-25 аятын жаттайсыз.
2. Қобдишаңыздың ішіндегі аяттарды күнделікті қайталап жүріңіз.
3. Өзіңіздің жаттау қабілетіңізді жетілдіре беріңіз. Осыны істеу үшін тақырыптар мен сілтемелерді аяттармен бірге үйреніп оларды сөзбе-сөз жаттаңыз. Пайда болған бос уақытты аяттарды қайталауға және олар туралы ойлануға жұмсаңыз.

Жетекшінің жоспары: 31

«Мәсіх туралы куәлік беру» бөліміне арналған сұрақтар

Оқушылардың біреуіне 1-сұрақтың алдында берілген сөздәйекті оқытыңыз.

(1-5 сұрақтар) «Иса Мәсіх туралы куәлік беру жайындағы бөлімде сізге қандай нәрселер қатты әсер етті?»

(1-сұрақ) «б» бөліміндегі сұраққа бірнеше оқушы жауап берсін.

(2-сұрақ) Бірнеше оқушыдан олардың қандай сөйлемдерді белгілеп қойғанын сұраңыз.

«Бұрын өз сеніміңіз туралы басқаларға айтқан кезде сізді қандай нәрсе талаптандырды?»

(3-сұрақ) Бірнеше оқушы осы сұрақтың «қандай мақсатпен» деген бөліміне жауап берсін.

(5-сұрақ, 11-аят) «Иемізді қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынуды ұдайы есімізде ұстаймыз» деген сөздер сіздің ойыңызша неге қатысты?

(14-сұрақ) «Біз куәлік еткенде бізді Мәсіхтің сүйіспеншілігі жетелейтінін қалай түсінесіз?»

Оқушылардың біреуі 5-сұрақтан кейінгі сөздәйекті оқып берсін.

Оқушылардың біреуі 6-сұрақтан кейінгі сөздәйек пен бапты оқып берсін.

(6 мен 7 сұрақтар) «Сүйіспеншілікпен куәлік беру» деген бөлімді оқыған кезде сізге не нәрсе ең қатты әсер етті?»

(6-сұрақ) Бірнеше оқушы осы сұраққа дайындаған өз жауаптарын оқып берсін.

(7-сұрақ) Бірнеше оқушы «а» бөлімі жайындағы жауаптарын оқып берсін.

Бірнеше оқушы «ә» бөлімі жайындағы жауаптарын оқып берсін.

(8 мен 9-сұрақтар) «Өмір арқылы куәлік беру» деген бөлімді оқыған кезде сізге қатты әсер еткен не нәрсе?»

(8-сұрақ) «Игі істер» деген не?

(9-сұрақ) Бірнеше оқушы «ә» бөлімі жайындағы жауаптарын оқып берсін.

Оқушылардың біреуі 9-сұрақтан кейінгі сөздәйекті оқып берсін.

(10-12 сұрақтар) «Құдайдың сөзі арқылы куәлік беру» деген бөлімді оқыған кезде сізге ең қатты әсер еткен не нәрсе?»

(10-сұрақ) «Мәсіхтің біздің өмірімізді басқаруы мен біздің жемісті куәлік беруіміздің арасында қандай байланыс бар?»

«Куәлік ету үшін біздің жүрегімізде болуға тиісті ниетті қалай сипаттап беретін едіңіз?»

(11-сұрақ) Топтағы әр оқушы осы сұрақ жайындағы жауабын оқып берсін.

(12-сұрақ) Топтағы бір немесе екі адам осы сұрақтың бірінші бөлімі жайындағы жауаптарын оқып берсін.

Содан соң осы сұрақтың бірінші бөлімі жайында жауаптарын айтқысы келген барлық адамдарға сөйлеуге мүмкіндік беріңіз.

Біреуге 13-сұрақтың алдындағы бапты оқытыңыз.

(13-17 сұрақтар) «Пауылдың куәлігі жөніндегі соңғы бөлімді оқыған кезде нені байқадыңыз?»

(13-сұрақ) «Пауылдың істегенін біз қазіргі кезде қалай істей аламыз (2 мен 3 сұрақтар)?»

(14-сұрақ) «Өзінің Құдайға келместен бұрын жақсы және жаман жақтары жөніндегі Пауылдың куәлігінде не айтылған?»

(17-сұрақ) Топтағы бір немесе екі адамға осы сұраққа жауаптарын оқытыңыз.

Біреуге 17-сұрақтан кейінгі бап пен сөздәйекті оқытыңыз.

Біреу 102-беттегі *Қорытындыны* оқып берсін.

Жеке куәлік беруге нәліктен дайындалу керек?

Елші Петір өзінің бірінші хатында бізге былай дейді: «Іштеріңдегі үмітті түсіндіруді сұраған кез келген адамға жауап беруге әрдайым дайын болыңдар» (Петір. 1-хат 3:15).

Өзіңіздің сеніміңіз жайында адамдарға айтудың ең тиімді жолы – Исаның өзіңізге қалай мәңгілік өмір сыйлағаны мен өміріңізді қалай игілікке ағыл-тегіл еткені туралы айтып беру. Елші Жохан, «Біз көргеніміз бен естігеніміз туралы айтып жүрміз» дегенде өзінің Иса Мәсіхпен байланысы туралы куәлік етті.

Елші Пауыл патша Агриппаның алдында тұрған кезде (Елш. істері 26) ол оған өз сенімі жайында қарапайым да қисынды етіп айтып берді. Демек, өзінің құтқарылу алдындағы өмірі мен Исаға тәубеге келгені жөнінде және сол ғажап өзгерістен кейінгі өмірі туралы анық сөйледі. Пауылдың куәлігі әңгіме түрде дауыстап айтылатын болса үш немесе төрт минут алатын болар.

Дегенмен, сіз куәлігіңізді жазатын болсаңыз да, бұның мақсаты оны жаттап алып сөзбе-сөз айту емес. Мұның мақсаты – өзіңіздің басыңыздан өткен барлық жағдайлар туралы әңгімені толығымен түсінікті түрде тыңдаушыға жеткізу. Дұрыс сөз таңдау, әңгімені ретпен айтуды білу, неден бастап, немен аяқтауды сезіну – осының бәрін істеген өте маңызды.

Осы жұмысты бастағанда Құдайдан ақыл мен зеректік сұраңыз. Өз нұсқаушыңыз айтқан ұсыныстарға құлақ салыңыз.

2:7 серияны бітірген адамдардың көбі осы куәлік жөніндегі жұмысты осы бағдарламаның ең пайдалы бөлімі деп таныды. Олар көптеген басқа адамдарға Мәсіхке тәубеге келуге көмектесті. Бұның себебі – «кез келген адамға жауап беруді білу» қабілетін жетілдіруге уақыт бөлу.

Құдайға сеніңіздер және зор еңбек етіңіздер. Осы маңызды жұмысқа уақытыңызды, ойыңызды және дұғаңызды жұмсаңыз.

Куәлік беруге дайындық жайында: жалпы ескертпелер

Осы жұмысты 9-сабақтағы ерекше үш-төрт сағаттық бөлімінде аяқтауға болады. Дайын куәліктерді айтып беруге және 9-сабақта аяқталмай қалған куәліктерді бітіруге 10-сабақта біраз уақыт беріледі.

1. Ең бірінші мақсат

Ең бірінші мақсат – өзіңіздің құтқарылғаныңыз жөнінде әңгіме дайындап келу.

2. Дайындық


Осы әңгімені дайындауға жұмсалатын күш пен уақыт әрқайсыңызға әр түрлі болады. Бірақ бұл сіздің миыңыздың кішірек болғаны мен рухани дәрежеңіздің төмендігін көрсетпейді. Бәрі де әңгімеңіздің күрделілігіне байланысты. Кейбір тәубеге келу жөніндегі әңгімелерді бірден анықтап айтып беру өте қиын. Кейбір әңгімелерді белгіленген уақытқа сиғызу оңай. Кейбір әңгімелер түсінік беруді қажет етеді. Сондықтан куәлікті дайындау уақытына әсер ететін көптеген жағдайлар бар екені рас. Ал әңгімеңізді тез жазған болсаңыз мақтанып кетуден сақ болыңыз. Сондай-ақ әңгімеңізді жазғанда басқалардан көбірек қиналсаңыз, көңіліңіз бұзылмасын. Өзіңіз бен оқушылар үшін үнемі дұға етіңіз.

3. Қиналғанға сый беріледі

Көптеген оқушылар осындай әңгіме жазуды бұл курстың ең қиын, тіпті ең қапаландыратын жұмысы деп санайды. Ал екінші жағынан оқушылардың көбі осындай әңгіме жазуды өте жігерлендіретін әрі пайдалы жұмыс деп есептейді. Бұның айырмашылығы өзіңіздің жігермен әрі қайсарлықпен кіріскеніңізге байланысты бола алады. Қатты еңбек етіңіз! Құдайдан Оның сізді жетелеуін сұраңыз!

«Жүзім» суреті арқылы берілген мысалдар

(СЕНУШІНІҢ МӘСІХПЕН БАЙЛАНЫСТА БОЛУ ТӘЖІРИБЕСІ АРҚЫЛЫ ЖИНАҒАН



КҮӘЛІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ)

4. Сабақ

9-сабақтың ұзақтығы үштен төрт сағатқа дейін болады. Осы сабаққа дайындалып, жақсылап демалып және дұға етіп келіңіз. Егер топ үлкен болса немесе күрделі куәліктер бар болса, осындай екінші сабақты өткізу қажет болуы мүмкін.

5. Құттықтаймыз!

Сіз 1-курсты бітіргеніңізде және 2-курстың осы жұмысын табысты істегеніңізде табандылық көрсеттіңіз. Құдай сізге рухани өсу мен ересектікке жету жолыңыздағы көптеген қиыншылықтарды жеңуге көмектесті. Иеміз қаласа сіз осы 2-курсты да бітіріп, Оған қызмет ету үшін дайын боласыз.

Куәлік беруге көмек

Куәлік әңгімелер әр түрлі тақырыптар жайында, сонымен бірге әр түрлі тыңдаушыларға дайындала алады.

Осы курста дайындалатын куәліктер мынандай жағдайларға арналады:

- > сенбеуші адаммен сөйлесу үшін
- > кіші топта немесе жеке-жек бөлісу үшін
- > біреуді нандыруға тырыспай, тек «есікті аздап ашу» үшін.

Көптеген адамдар өздеріне Мәсіхтің керек екенін мойындауға дайын емес болса да, біреу оларға өз тәжірибесі туралы жолай айтып жүрсе, сол адамдар Ізгі хабар жайында сөйлесуге ынталы болуы мүмкін.

1. Құдайға тәубеге келу туралы әңгіменің жалпы жоспары

- а. *Бұрынғы өмір* – Сенуші болмай тұрған кездегі өміріңізге қысқаша шолу.
- ә. *Бұл қалай болды* – Өзіңізді Мәсіхке алып келген жолға қалай түстіңіз?
- б. *Кейінгі өмір* – Айтқаныңызды өміріңізде болған өзгерістермен байланыстырыңыз.

2. Куәлік дайындауға арналған ескертпелер

а. *Куәлікті әңгіме түрде дайындаңыз.* Оны әңгімелеп айтып беру оңай болсын. Тым әдеби немесе жалықтыратын сөйлемдерден аулақ болыңыз. Мысалы: «Мен таң шапағына сүйсініп, алыстағы тауға көзімді қадағаннан кейін ойға баттым» – демесеңіз де болады. Қарапайым сөйлеуге тырысыңыз.

ә. «Мен» деген сөзді қолдануға ұялмаңыз (уағыз айтпай, әңгіме айтыңыз).

Бұл әңгімеңізді қызық қылып, адамдарды өзіңізге тартады.

б. Діни сөздер мен сөйлемдерді қолданбаңыз.

<i>Діни сөздер</i>	<i>Орнына қолданыла алатын сөздер</i>
Иманды болып, тәубеге келдім	Исаны өз өміріме дұға арқылы шақырдым
Күнәға баттым	Құдайға мойысұнбадым, Құдайдан бас тартып жүрдім
Қан арқылы құтқарылдым	Құдай менің қателерімді кешірді
Құтқарылдым	Сенуші болып, қателерімнің зардабынан құтылдым
Мәсіхші болдым	Сенушіге айналдым

в. *Әр түрлі оқиғалар туралы жинақтап қорытып айтыңыз*, сонда адамдар әңгімеңізде айтылғанды өз өмірімен байланыстырады. Қауымдар мен топтардың аттарын атамаңыз. Мезгілдерді де айтып жатудың қажеті жоқ. (Мысалы, «Мен Мәсіхті қабылдағанымда он жеті жаста болдым» «Біз сол қалаға пәлен жылы көшіп келдік».)

г. *Көңілді, сәл әзілмен сөйлесеңіз жақсы болады*. Әңгімені күлімсіреп айту – адамдарға қысылмай, емін-еркін болуына көмектеседі.

ғ. *Тұрған жерлеріңізді бір-екі сөзбен сипаттап беруіңізге болады*. Осы да тыңдаушыларды ынталандырады. Мысалы: «Бір кіші қалада өскен едім» дегеннен кейін ол туралы қысқаша айта кетіңіз.

д. *Бұрынғы өміріңіз жайында* айтқан кезде ондағы жақсы да, жаман да нәрселер туралы айтыңыз. Өміріңізде болған қызық оқиғалардан бастасаңыз дұрыс болады.

- (1) Жақсы салалардың мысалдары мынандай бола алады: игі істер істеуге және жаңа нәрселер үйренуге деген ниетіңіз, басқалардың қамын ойлауға талпыныс, еңбек етуді жақсы көру.
- (2) Жаман салалардың мысалдары мынандай бола алады: менмендік, өз өзіңізді кемсіту, не болса да басқалардан озуға тырысу, сараңдық, ашушаңдық.

е. *Бұл қалай болды* деген бөлігінде айтатыныңыз ...

- (1) Тыңдаушыларға анықтап, бірақ қысқаша Ізгі хабар туралы айтыңыз. Бұнда мына түсініктер мен олар жайындағы түсіндірмелерді қосу керек:
 - (а) Күнә
 - (ә) Күнәның жазасы
 - (б) Жазаның құны Мәсіх арқылы өтелді
 - (в) Мәсіхті қабылдаудың қажеттілігі
- (2) Өз пайымдауларыңызда Киелі кітаптың беделіне сүйеніңіз.
 - (а) Үйлесімсіз ұғым: «Досым маған менің халімнің нашар болғандығынан өзіме кешірім керек екені туралы айтты».
 - (ә) Жақсы ұғым: «Досым маған Киелі кітапта солай жазылғаны туралы айтты».
- (3) Исаны қабылдаудың қажеттілігі туралы айтқан кезде «дұға ету» деген сөзді қолданыңыз. Осы сөз адамға не істеу керек екені туралы айтады. (Жақсы ұғым: «Мен дұға етіп, Мәсіхтен өз жүрегіме еніп, маған мәңгілік өмір сыйлауын өтіндім».)

ж. *«Кейінгі өміріңіз» деген бөлімде өзіңіздің сенушіге айналғанда қандай жетістіктерге жеткеніңіз туралы айтып, әңгімеңізді созбай аяқтаңыз*. Бұл күнделікті өміріңіздегі бір-екі жақсы нәрсе бола алады. Әңгімеңіздің ең соңғы сөйлемі мынандай бола алады: «Бірақ мен ие болған ең керемет нәрсе – мәңгілік өмір». Тыңдаушылар әдетте әңгіменің соңында айтылған нәрселер жайында пікірлерін білдіреді. Олардың пікірлері мәңгілік өмір жөнінде болса, бұл – Ізгі хабар туралы әңгімелесуге есік ашылды деген сөз.

з. *Адамдарды күмәндандыратын сөйлемдерді айтудан сақ болыңыз*. Осының бірнеше мысалдары:

- (1) Үйлесімсіз ұғым: «Сол кезде, дұға еткеннен кейін Исаның өзімен бірге екенін анық білетін болдым».
- (2) Үйлесімсіз ұғым: «Құдай маған керемет күйеу (әйел, балалар) тауып берді».
- (3) Жақсы ұғым: «Мен дұға етіп Исаны өз жүрегіме шақырдым. Сол кезден бастап менің жүрегіме тыныштық орнады...

и. *Ересек адамның көзқарасын ұстаныңыз. Құдайға жас кезіңізде келген болсаңыз да, ересек адамның көзқарасын ұстанып сөйлеңіз.*

- (1) Үйлесімсіз ұғым: «Папам маған Исаның кім екенін түсінуге көмектесті».
- (2) Жақсы ұғым: «Мен ата-анаммен отырып ұзақ әңгімелесуші едім. Бір күні әкем екеуіміз Иса Мәсіхтің кім екені туралы көп сөйлестік».

к. *Қобыратып сөйлеп әңгімеңізді ұзартып жібермеңіз. Керексіз нәрселерді үйіп-төге бермеңіз. Адамдардың аттарын атағанда, сондай-ақ істеген жұмыстарыңыз бен тұрған жерлеріңіз жайында айтқанда әңгімеңіз созылып кетпесін. Мүмкіндік болса адамдардың тек бірінші аттарын атасаңыз да болады.*

- (1) Үйлесімсіз ұғым: «Мен Достық даңғылында орналасқан Табиғат қорғау кеңсесінің екінші қабатында болғанда өзім отырған бөлмеге жаңадан орналасқан Сасанов Ермек Тұрлыбекұлы деген жігіт келді. Қасында Сарметен Сәкен Асқарбекұлы деген нағашы бауыры болған...»
- (2) Жақсы ұғым: «Бір күні жұмыстан кейін мен Ермекпен және оның бір досымен осы туралы сөйлесіп кеттім ..».
- (3) Мәліметті бір сөйлем арқылы айтуға тырысыңыз: «Бес мемлекетті көріп, көптеген жерлерде оқығаннан кейін, бірінші рет инженер болып жұмысқа орналастым».


Дайындықтың реті

- а. Әңгімеңізді жазар алдында Құдайға дұға етіп, Одан кеңес сұраңыз. Одан өзіңіздің ойыңызды жетелеуін сұраңыз.
- ә. *Бұрынғы өмір, Бұл қалай болды және Кейінгі өмір* деген жеке үш параққа ойларыңызды қысқаша белгілеңіз.
- б. Барлық жазған ойларыңызды пайдаланып әңгімеңіздің алғашқы түрін жазыңыз. (Оны оқығанда ұзақтығы 5 минуттен аспасын). Содан соң жоғарыдағы барлық 12 ұсыныстарды қолданыңыз.
- в. Әңгімеңіздің екінші түріне түзетулер мен жақсартулар еңгізіңіз (осыны істегеніңізде сізге жетекшіңіз көп көмек бере алады).
- г. Жазған әңгімеңізді 1,3-5 минут алатындай етіп қысқартыңыз (жетекші сізге осыны да істеуге көмектеседі).
- ғ. Куәлік жайындағы әңгіменің жоспарын жасаңыз. Әңгімені тек осы жоспарды ғана қолданып айтып көріңіз.
- д. Әңгімені 3-4 минуттың ішінде және жоспарды қолданбай-ақ айтуды үйреніңіз. (*Ескерту: «а-ғ» баптары осы курсқа сай жазылған. «д» деген бап 3-курста қаралады.*)

Қуәлік-әңгіме жоспарының екі түрі

1. Хронологиялық түрі

Бұл тәсілді қолданғанда сіз оқиғаларды хронологиялық ретпен айтасыз.



Бұндай жоспарды сіз мынандай жағдайларда қолдана аласыз:

- а. Сіз Құдайға ер жеткенде келдіңіз.
- ә. Бұрынғы өміріңіз туралы айтқыңыз келетін көп нәрсе бар.
- б. Әңгімеңіз көбінесе Құдайға келу жөніндегі тәжірибеңіз жайында, себебі болған оқиғалардың маңызы зор. (*Бұрынғы өмір* деген бөлім осыған сәйкес қысқартылады).

2. Шолу/Қайта шолу



Бұл тәсіл бойынша сіз өміріңізді дәл қазірге дейін қызық және қысқа түрде шолып шығасыз. Осы шолу *бұрынғы өмір* деген бөлімнің орнын алады. Содан соң сіз рухани өзгеріс болған кезге қайта келесіз. Қайта шолуды сіз *Бұл қалай болды* деген бөлімнің алдынан да, одан кейін де бастай аласыз.

Бұндай жоспарды сіз мынандай жағдайларда қолдана аласыз:

- а. Сіз Мәсіхті ерте жасыңызда қабылдадыңыз.
- ә. Бала кезіңіз бен жастық шағыңызда аса қызық нәрсе болмады. Қызық оқиғалар өзіңіз ер жеткенде басталды.
- б. Бұл қалай болды деген бөлім тым қысқа.

8- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Жазбаны жаттау:* 36-беттегі 8-аптаның бағдарламасын аяқтаңыз. «Қарым-қатынас» деген бөліміндегі екінші аятты жаттаңыз: Еврей. хат 10:24-25
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Куәлік әңгімені айту.* «Дайындықтың реті» деген бөлімдегі «а» мен «ә» баптарда берілген жұмысқа кем дегенде 45 минуттан уақыт бөліңіз. *Бұрынғы өмір, Бұл қалай болды және Кейінгі өмір* деген үш жеке параққа ойларыңызды қысқаша жазыңыз. *Кейінгі аптада оларды өзіңізбен бірге әкелуді ұмытпаңыз.*

8-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Кіші топтарға бөлініп «Қарым-қатынас» деген бөліміндегі екінші аятты оқыңыз: Еврей. хат 10:24-25
2. Өзіңіздің *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгіленген ойларыңызды топтағы адамдарға айтып бөлісіңіз.
3. *Алғашқы рет куәлік беруге дайындалғанда болатын әдеттегі кемшіліктер* деген бөлімді оқып талқылаңыз (37-бет).
4. *Куәлік беру жоспарының алғашқы түрі* деген бөлімді оқып талқылаңыз (38-бет).
5. БҰРЫНҒЫ ӨМІР, БҰЛ ҚАЛАЙ БОЛДЫ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ӨМІР деген үш парақтағы ойларыңыз жөнінде топпен бөлісіңіз.
6. 9-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (38-бет).
7. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 8-апта

Аят жайында

5-ТАҚЫРЫП. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Біз бәріміз Мәсіхпен байланыстағы қатынастың өзімізге беретін бір-бірімізді қолдауды, өсиет айтуды және жетілдіруді қажет етеміз. Бірінші ғасырдың сенушілері осы қарым-қатынасты ең қажетті нәрсе деп санады: (Елші. істер 2:42)

Еврей. хат 10:24-25 – Бұл аят бізді өзара тұрақты қарым-қатынаста болып, бір-бірімізді сүйіп, игі істер істеуге шақырады. Басқа сенушілермен қарым-қатынаста болғанымыз бізге Мәсіхке сеніп, Оған мойынсұнып жүруге талпындырады.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Матай 18:20 аяты жазылған түбіршікті басқа қайталанып жүрген аяттармен бірге қобдишаның ішіне салып қойыңыз, ал Еврей. хат 10:24-25 аятты қобдишаның сыртындағы мөлдір қалтаға көрінетіндей етіп орнатыңыз.
2. Сіздің мақсатыңыз әр аятты кем дегенде күніне бір рет қайталап тұру болады. Дегенмен, осыған одан да көбірек уақыт жұмсасаңыз тіпті жақсы болады.
3. Жаңадан жаттап жүрген аятты жазып алып, дұрыс үйренгеніңізді тексеру үшін біреуге айтып беріңіз.

Алғашқы рет куәлік беруге дайындалғанда болатын әдеттегі кемшіліктер

1. Әңгіменің алғашқы түрін жазғанда тым ұқыптылықпен жазу

Көп адамдар әңгіменің алғашқы түрін жазғанда-ақ барлық нәрсені ұсақ-түйекке дейін сипаттауға жүйрік. Сіз бірден кемелге талпынбаңыз. *Көп қағаз кетсе де, оны жұмсай беріңіз!* (Жетпеген мәліметті созылғаннан гөрі артық мәліметті қысқартқан оңайырақ.) Алда келе жатқан апталарда тобыңыздың жетекшісі мен басқа бауырластарыңыз жазғаныңызға ұсыныстар жасап, оны әрқашан да жақсартуға көмектесе алады. (Төмендегі «*Куәлік беру жоспарының алғашқы түрі*» деген бөлімді қараңыз.)

2. Бұрынғы оқиғаларды еске алғанда қатты ойланып кету

- а. Кейбір адамдар өздерімен болған бұрынғы ұнамсыз оқиғаларды еске түсіргенде өзін-өзі тексеріп қайғырыңқырап кетеді.
- ә. Кейбір адамдар өткен оқиғаларды қайта сезінгендей болғаннан ұтылады. Бұл сезім оларды билеп кеткендіктен жаңағы жазба жұмыс істелмей қалады.
- б. Кейбір адамдар бұрынғы жанжалдары мен мәселелерін реттеудің жолын ойлап уайымдап жүреді.

3. Рухани тақырыптарды қозғауға асықпаңыз

Куәлік әңгімені айтқанда рухани тақырыптарға тым жылдам көшкен жақсы емес. Біріншіден тыңдаушыларға өзіңізбен адам ретінде танысуға мүмкіндік беріңіз. Сонымен бірге, жалпы алғанда әңгімеңіз тек қана рухани бағытталған болып кетпесін. Тыңдаушылар сізді адам баласы деп танысын.

4. Құдайға тәубеге анығымен қашан келіп едім деп тым көп уайымдау

Көп жағдайда адам өз өмірінде Құдайға келген сәтім деп атай алатын бірнеше кез бар. Осыны анықтауға сізге топтағы бауырластарыңыз бен топ жетекшісі көмектесе алады. Сол оқиғалар мен жағдайлар туралы ойлансаңыз, сіз өзіңіз туралы жаңа ойларға келесіз. Егер жағдайыңыз ерекше болса, онда сізге топ жетекшісі немесе басқа бір тәжірибесі көбірек адам көмектесе алады. Ал өзіңізге түсінікті нәрселерді сол кезде жазып жүре беріңіз.

5. Қиын жұмысты кейінге қалдырмаңыз

Куәлік-әңгіме жазу деген қиын жұмысты істеу үшін сізге бірнеше сағат қатты еңбек ету керек. Оны кейінге қалдырмаңыз: бұл жағдайыңызды жеңілдетпейді. *Осы жұмысқа ерте кіріссеңіз оның нәтижесіне де ерте қуана аласыз!*

Куәлік беру жоспарының алғашқы түрі

1. 9-сабаққа куәлік беру жоспарының алғашқы түрін алып келіңіз.
2. Жетекші әңгімеңіздің алғашқы түрін қарап шығады. Ол оның мықты жақтарын атап өтіп, жақсарту ұсыныстарын айтады.
3. Барлық айтылған ескертпелерді еске алып, жетекшіге әңгіменің келесі түрін тыңдатыңыз.
4. Жетекші қайта ұсыныстар береді.
5. Куәлік-әңгімеңіз дайын болғанша осы ретпен (3,4 баптар) жұмыс істей беріңіз. (Бұл 33-бетіндегі «Дайындық реті» деген бөлімдегі 3в мен 3г баптарын толықтырады.)
6. Топ жетекшісі сіздің әңгімеңіздің соңғы қалпына түскеніне келіскеннен кейін оны төменде көрсетілгендей бір параққа жазып шығыңыз.
 - а. Әңгімеңіздің соңғы түрінде көрсетілген негізгі тақырыптардың тізімін жасаңыз.
 - ә. Осы тізімді қысқартыңыз.
 - б. Негізгі тақырыптардың тізіміне бет ұстанып әңгіме айтып көріңіз.
 - в. Осы тізімді одан да әрі қысқартып көріңіз.
 - г. Қысқартылған тізімді параққа жазыңыз.
 - ғ. Осы жаңа парақты қолданып, жаңа әңгіме айтып көріңіз.
 - д. Осы жаңа парақты қолданып, әңгімеңізді жетекшіге айтып көріңіз.

9- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Жазбаны жаттау:* 39-беттегі 9-аптаның бағдарламасын аяқтаңыз. «Куәлік беру» деген бөліміндегі бірінші аятты жаттаңыз: Матай 4.19
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Куәлік-әңгімені айту.* 9-сабақ – үш немесе төрт сағатқа дейін созылған сабақ. Ол куәлік-әңгімені дайындауға арналған қарқынды (интенсивный) жұмыс ретінде өтеді. Жақсылап демалып еңбек етуге әзірленіп келіңіз. Құдайдан өзіңізге, сонымен қатар басқа оқушылар мен топ жетекшісіне ақыл беруін сұраңыз. Өзіңіздің үш парағыңызда белгілегендеріңізді қолданып, әңгімеңіздің алғашқы түрін жазыңыз. *Осы жазғаныңызды өзіңізбен бірге алып келуді ұмытпаңыз.*
4. *Басқа жұмыстар:* Барлық тапсырмаларды орындап, *Бақылау күнделігіңізді* келесі сабақта қол қойғызуға дайындап қойыңыз.

10-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Кіші топтарға бөлініп «Куәлік беру» деген бөліміндегі бірінші аятты оқыңыз: Матай 4:19. (Мүмкіндігінше *Бақылау күнделігіңіздің* барлық жерлеріне қол қойғызуға тырысыңыз.)
2. 10-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (төменде).
3. Дұға етіңіз.
4. Куәлік-әңгіме дайындау жұмысын істеп, сабақты жалғастыра беріңіз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 9-апта

Аят жайында

6-ТАҚЫРЫП. КУӘЛІК БЕРУ

Құдай мәсіхшілерге бір керемет құрмет көрсетіп, оларға жауапкершілік жүктеді. Демек, мәсіхшілер Иса Мәсіхсіз жүрген адамдарды Оған тәубеге келтіріп олар үшін жауапты болуға тиіс. Біз бұл дүниеде Оның куәгерлері ретінде өмір сүруіміз керек.

Матай 4:19 - Иса екі балықшыға олардың істейтінінен әлде қайда маңызды бір қызметті тапсырды: олар адамдарды «аулайтын» болды. Біз не істесек те Исаның соңынан еріп, басқаларға Ізгі хабарды таратқанымызды қалайды.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Матай 4:19 бен Рим. хат 1:16 аяттарды қобдишаның сыртындағы мөлдір қалтаға салып қойыңыз. Осы аптада сіз Матай 4:19 аятты жаттайсыз.
2. Аптаның соңына қарай осы аятты жазып алып, біреуге айтып беріңіз.

10- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Жазбаны жаттау:* 40-беттегі *10-аптадағы жұмысты* аяқтаңыз. «Куәлік беру» деген бөліміндегі екінші аятты жаттаңыз: Рим. хат 1:16. Білген аяттарыңызды ұқыптылықпен қайталап жүріңіз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Куәлік-әңгімені айту.* Сабаққа өз куәлік-әңгімеңізді айтып беруге дайындалып келіңіз. Оның жазылған алғашқы түрін өзіңізбен бірге алып келіңіз.
4. *Басқа жұмыстар:* 41-46 беттердегі *Менің жүрегім – Мәсіхтің үйі* деген мақаланы зейін қойып оқып, белгілеңіз. «*Менің жүрегім – Мәсіхтің үйі* мақаласын талқылау» деген бөлімнің кіріспесін оқу (47-бет). Өзіңіздің ойыңыз бойынша әр бөлменің маңызы туралы жазыңыз.

10-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Кіші топтарға бөлініп «Куәлік беру» деген бөліміндегі екінші аятты оқыңыз: Рим. хат 1:16. (*Бақылау күнделігіңіздің барлық жерлеріне қол қойғызуға тырысыңыз.*)
2. Өзіңіздің *Киелі кітап оқу күнделігіңізде* белгіленген ойларыңызды топтағы адамдарға айтып бөлісіңіз.
3. Жарты күн дұға еткенге арналған 12-сабақтың уақты мен орнын белгілеңіз. (Осы жағдай 11-сабақта көбірек талқыланады.)
4. «*Менің үйім-Мәсіхтің жүрегі*» деген мақаланы талқылаңыз (41-46 беттер).
5. Мүмкіндіктен пайдаланып өз куәлік-әңгімеңізді айтып беріңіз (әркім оны 4 минуттің ішінде айтуға тиіс). Әңгіменің жазылған алғашқы түрін қолданыңыз.
6. Қажет болса әңгімелеріңізді жетілдіріңіз.
7. 11-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (50-бет).
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 10-апта

Аят жайында

6-ТАҚЫРЫП. КУӘЛІК БЕРУ

Иса Мәсіхтің куәгерлері ретінде біз Оның атымен сөйлеудің табиғи қорқынышын жеңуіміз керек.

Рим. хат 1:16 – Біз еш ұялмай қызармай адамдардың барлық мүдделеріне нағыз жауабын беретін Құдайдың құтқаратын күдіреті мен Ізгі хабары туралы айтуымыз керек. «Сонымен Мені адамдар алдында мойындаған әркімді Мен де көктегі Әкемнің алдында мойындаймын» (Матай 10:32).

«Алдымен яһудилерді, сондай-ақ басқа ұлт адамдарын...» деген Ізгі хабардың барлық адамдарға жіберілгенін білдіреді (Рим. хат 1:16). Оның маңызы – әр жақты (универсал).

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Жатталған аяттарды қайталай беріңіз, Рим. хат 1:16 аятты жаттаңыз.
2. Аяттардың кейбір жерлерін байқаусыздан қате жаттап алмағаныңызды білу үшін анда-санда біреуге тексертіп тұрыңыз. Досыңыз сізге тақырыптарды немесе тақырыптар мен сілтемелерді атасын. Осында жағдайда Құдайдың батасы екеуіңізге жауғандықтан досыңыз да Жазбадағы аяттарды жаттауға талпынуы мүмкін.
3. Рим. хат 1:16 аятты жаттап алғаныңыздан кейін «А» сериядағы 12 түбіршіктердің барлығы *Мәсіхпен бірге бастау* бөлімінің бес аятымен бірге қобдишаның ішіне салынуға тиіс.

10-сабақ

Сіз ТБЖЖ деген әдістің бірінші бөлімін бітірдіңіз.

Менің жүрегім – Мәсіхтің үйі

Роберт Бойд Мунгер

Пауылдың ефестіктерге жазған хатында біз мына сөздерді таба аламыз: «Былай деп мінажат етемін: Құдай өз ұлылығының байлығына сәйкес Киелі Рухының арқасында жан дүниелерінді Өзінің құдіретімен нығайта көрсін» (Ефес. хат 3:16). Осы сөздердің мағынасын басқаша да айтуға болады: «Мәсіх сеніміңіз арқылы жүректеріңізге еніп, оны Өзіне үй қылдырсын».

Исаның ілімінің ең керемет ережесі мынадай: Иса Мәсіхтің Өзі біздің бойымыздағы Киелі Рух арқылы жүрегімізге еніп, оны үй қылып сонда мекендейді. Мәсіх Өзін шақырған адаммен дастарқандас болады.

Иеміз өз шәкірттеріне былай деген: «Кім Мені сүйсе, айтқандарымды берік ұстанады және Әкем оны сүйеді. Біз сондай кісілерге келіп, өмірлерінен орын аламыз» (Жохан 14:23). Шәкірттерге Оның сөздерін түсіну қиын болған. Иса кетіп бара жатса қалай олармен дастарқандас бола алады?

Айтатын қызық бір нәрсе: Иеміз осы ойды Жохан жазған Ізгі хабардың 14-тарауында қолданады: «Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, Өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін» (Жохан 14:3). Иеміз шәкірттеріне Өзінің көкке барып, онда орын дайындап, сол жерде бір күні шәкірттерін қарсы алатынына уәде берді. Сонымен бірге, Ол шәкірттерінің де Өзін жүректеріне шақыра алатынына, Өзі олардың жүректеріне келетінін және олармен дастарқандас болатынын да айтты.

Шәкірттері оны түсінбеді. Неліктен осылай болды?

Кейін елулік мейрамы келді. Мәсіхтың тірі Рухы қауымға келген кезде шәкірттер бәрін түсінді. Құдай Иерусалимдегі Иродтың ғибадатханасында мекендеген жоқ! Құдай қолдан жасалған ғибадатханаларда тұрған жоқ, бірақ енді, төгілген Киелі Рухтың кереметі арқылы Ол адамдардың жүректерінде мекендейтін болды. Сенушінің денесі енді тірі Құдайдың ғибадатханасы болса, адамның жүрегі – Иса Мәсіхтің үйі болады.

Өз жүрегімді Мәсіхтің үйі етіп, Иемді сонда шақырып, Оған қызмет етіп, Онымен тығыз байланыста болу дегеннен жоғары құрметтің бар екеніне сену қиынырақ. Ешқашан ұмытылмас бір кеште Иемді өз жүрегіме шақырдым. Оның келгені бір ғажап болды! Бұл аса ерекше сезімге тола сәт те болған емес, бірақ ақиқат өте нақты көрініп, жүрегімнің түпкіріне дейін жетті. Иса жүрегімнің қара түнегіне келіп, шамды жақты. Ол суып қалған баспанаға от жағып, аязды жойды. Үнсіз орын әсем күйге толды, қаңырап қалған жерде сүйіспеншілікке толы достық орнады. Мәсіхке жүрегімнің есігін ашқанымға ешқашан өкінген емеспін және осыған мәңгі өкінбейтінімді анық білемін!

Бұл әрине, жүректі Мәсіхтің үйі қылудың бірінші қадамы. Иеміз былай деген: «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20). Өмірлеріңізді тірі Құдайдың мекені қылғыңыз келсе мен сіздерді жігерлендіргім келеді: Мәсіхті жүректеріңізге шақырсаңыздар Оның келетіні анық..

Мәсіх менің жүрегіме келгенде, жаңа қарым-қатынастың қуанышына бөленген мен Оған былай дедім: «Ием, мен өз жүрегімнің Сенікі болғанын қалаймын. Оны өз үйің ете гөр. Менде бар барлық нәрселер Сенікі. Достығымыздың нығайғанын қалайтындығымнан Саған ұсынған үйімнің әр түрлі ерекшеліктерімен Өзіңді таныстыруға рұқсат ете гөр». Әрине, Ол қуана келді! Сонымен бірге менің жүрегімде Оған орын болғанының өзіне қуанды.

КІТАПХАНА

Үйімдегі бөлмелердің біріншісі – жұмыс бөлме болды, демек – кітапхана. Оны біздің сана-сезіміздің жұмыс бөлмесі деп атайық. Үйімдегі бұл бөлме – кішірек, қабырғалары қалың. Бірақ бұл – маңызды бөлме. Қандай да бір мағынада бұл бөлме барлық үйдегі жағдайды бақылайды. Иса менімен бірге онда кіріп жан-жағына қарады. Оның көзі шкафтағы кітаптарға, үстелдегі журналдарға, қабырғадағы суреттерге түсті. Оның көзінің артынан ергенде мен өзімді ыңғайсыз сезіндім. Мынау бір қызық: бұрын сол заттарға қарағанда мен абыржымайтын едім, ал енді, оларға екеуміз қарағанда мен ұялып қалдым. Исаның пәк көздері кейбір кітаптарға тіпті тоқтала алмайтын; журнал үстелімде біраз жексұрын нәрселер жатқан еді, мәсіхшіге осындай «баспасөзді» оқуға уақыт кетірудің қажеті жоқ болды; ал, қабырғалардағы суреттерге, демек, санамдағы ойларыма қарағанда, олар үшін өте қатты ұялдым.

Мен Исаға бұрылып былай дедім: «Ием, бұл бөлмені жөндеуім керек екенін білемін. Оны қалай реттеуім керек екенін түсінуге маған көмектесесің бе? Бәрі де Сен беретін ойлар бойынша болсын».

«Әрине», – деді Ол. – «Мен саған қуана көмектесемін. Мен сол себеппен осындамын. Біріншіден, осындағы өзің оқып жүрген және көзіңе түсіп жүрген заттар пайдасыз, жақсылыққа апармайтын нәрселерді жинап алып көзін құрт! Енді босаған сөрелерге Киелі жазбаның кітаптарын қой. Кітапхананды Құдайдың Сөзі жайындағы кітаптармен толтырып, осы туралы күні-түні ойлан. Ал қабырғадағы суреттерге келетін болсақ, осы ойлармен күресу қиынырақ болады, бірақ осыған да көмек бар». Осыны айтып Ол маған Өзінің үлкен суретін беріп: «Осыны бөлмеңнің төріне, демек, санаңның қабырғасына іліп қой», – деді. Мен солай істедім де. Енді, мен жылдан жылға Мәсіхтің маған жақын екеніне және өз ойларымның Оған негізделгеніне көзім жетіп жатыр. Оның әділдігі мен күдіреті адамға келетін жаман ойларға жол бермейді. Иса маған өз ойларыма ие болуға көмектесті.

Сіздерге бір ұсыныс жасауға рұқсат етіңіз: егер санаңыздың кішкентай бөлмесі өзіңіз үшін кедергі тас болып тұрса Оған Исаны шақырыңыз. Сол бөлмені Құдайдың Сөзіне толтырып, Исамен Жазба жайында әңгімелесіңіз.

АС БӨЛМЕ

Оқу бөлмеден кейін біз ас бөлмеге, демек маған ұнамды дәмдер мен тілектер болатын орынға бардық. Қазір бұл өте үлкен бөлме болып тұр. Мен осы бөлмеде көп уақыт өткізіп өзіме керек нәрселерді істеп, өзімді қанағаттандыруға тырысамын.

Мен Оған былай дедім: «Бұл – өте кең бөлме, осында берілетін тағамдарға Сен риза болатынына мен сенімдімін».

Ол менімен бірге үстелге отырып: «Кешкі тамаққа не болады?» – деп сұрады.

«Қазір менің сүйікті тағамдарым беріледі, демек: ақша, көптеген жоғары білімді білдіретін дипломдар, акциялар, атақ пен байлық туралы мақалалар, бейнефильмдер және кітаптар» – дедім мен. Осы әлемдік тағамдарды мен ұнататынымын. Өзім жаңа атап шыққан «тағамдарда» асып бара жатқан жамандық болмаса да, осындай тамақ шынымен рухани нәр алуға жарамайды. Бұл тамақ Оның қасына қойылғанда Ол үндемеді. Бірақ мен Оның ештеңе жемегенін байқап Оған былай деп тіл қаттым: «Құтқарушым, Сен алдындағы тұрған тамаққа неге карамайсың? Неліктен?»

Ол былай деп жауап берді: «Мен сен білмейтін тамақпен тамақтанамын. Ол тамақ – Өзімді Жібергеннің еркін орындау». Ол маған тағы да бір қарап: «Егер сен шынымен өзінді тойдыратын тамақты ішкің келсе Көктегі Әкеңнің еркін білуге талпын, өзінді-өзің қанағаттырудың жолын іздеме. Жаратушыны риза етуді ойласаң, шын тамақтың дәмін тата аласың» – деді. Сол сәтте, үстелде отырған кезде Ол маған Құдайдың еркін орындау қуанышының дәмін татқызды. Дәмі неткен ерекше еді! Бүкіл әлемде дәл осы тамақтай ештеңе болуы мүмкін емес. Адамды қанағаттандыра алатын тек сол ғана. Басқа тамақтар аштықтан құтқара алмайды.

Сіздің тілектеріңіз бен ықыластарыңыздың ас бөлмесінде берілетін тағамдар қандай? Киелі Досымызға қандай тамақ беріп жүрміз? Өзіміз не ішіп жүрміз? Біз тәннің құмарлығы мен өркөкіректікке ереміз бе? Әлде күнделікті тамағыңыз Құдайдың еркі ме?

ҚОНАҚ БӨЛМЕ

Келесі барғанымыз – қонақ бөлме болды. Бұл бөлме тыныш әрі жайлы. Өзім оны қатты ұнататынымын. Бұл жерде бір-екі жұмсақ кресло, кітап шкафы, диван бар. Ең бастысы – оның тыныштық қалыбы болған.

Исаға осы бөлме ұнағандай болып көрінді. Ол былай деді: «Бұл шынымен тамаша бөлме екен. Осында жиі келіп тұрайық. Бұл жердің тыныш қалпы адамды әңгімелескенге жігерлендіреді екен».

Жас мәсіхші болғандықтан мен, әрине, осы сөзден кейін қуанғанымнан сасқалақтап қалдым. Исамен дос ретінде бірнеше минут әңгімелескенге не жетсін!

Иса маған мынадай уәде берді: «Мен күнде таңертең осы бөлмеде боламын. Осында кездесіп күнді бірге бастайық». Сөйтіп мен күнде таңертең қонақ бөлмеге барып Исамен кездесетін болдым. Біз сөреден Киелі кітапты алып, оны оқитын болдық. Ол маған Жазбадағы ақиқаттарды түсіндіретін. Сол өткен бірнеше сағатта Ол маған Құдайдың сүйіспеншілігі мен рақымын жеткізіп, жүрегімді қуанышқа толтырды. Қонақ бөлме «тыныш уақыт бөлмесіне» айналды. Бұл біздің тыныш уақытты бірге өткізіп жүрген кезіміз болған.

Бірақ, бірте-бірте маған байланысты көптеген жағдайларға байланысты осы уақыт қысқара бастады. Осының қалай болғанын білмеймін, бірақ Исаға үнемі уақыт бөліп тұруға қолым тимейтіндей болып көріне бастады. Бұл жағдай әдейі емес, өзінен өзі пайда болды. Ақыр соңында осы уақыттың қысқарғанының үстіне мен кейбір күндерде, тіпті, Исамен кездесуге бармайтын болдым. Университетімде емтихандар басталды. Кейін тағы да бір қауырт жағдайлар болды. Екі күн қатарынан немесе одан да көп уақыт кездесулерді жіберіп алатын болдым.

Бір күні таңертең, әдеттегідей, өте бір маңызды жиылысқа асығып бара жатқаным есімде. Қонақ бөлменің қасынан жүгіріп өтіп бара жатқанымда оның есігінің сәл ашық тұрғанын байқадым. Есіктен сығалап қарағанымда онда отырған Исаны көрдім. Сол сәтте қатты абыржып былай ойлады: «Ол – менің қонағым емес пе! Оны жүрегіме шақырған өзім ғой! Ол үйіме менің Құтқарушым әрі Досым ретінде келді. Ал мен Оны елемегенім қалай?» Мен бөлмеге кіріп төмен қарап былай дедім: «Мейірімді Тәңірім, кешірші мені. Сен осында күнде келіп жүрсің бе?»

«Иә» – деп жауап берді Ол. – «Өзімнің осында күнде таңертең келетінімді мен саған айттым ғой». Осы сөзден кейін мен одан сайын ұялып қалдым. Мен тұрақсыз болсам да, Ол үнемі сенімді болып қала берді. Мен Одан кешірім сұрағанда, Ол мені кешірді. Біз кінәларымызды шын ниетпен мойындағанда, Ол бізді кешіреді.

Иса былай деді: «Сенің мәселең мынандай: сен тыныш уақыт пен дұғаны өзіңнің рухани өсуіңе пайдалы деп ойлағаныңмен, олардың мен үшін де маңызды екенін ойламайсың. Менің сені сүйетінім есінде болсын. Мен сені қымбат құн төлеп өтеп алдым. Мен өзіңмен қарым-қатынаста болуды қалаймын». Содан соң Ол: «Осы уақытты ең болмағанда мен үшін жұмсауға тиіссің. Жүрегіңде қандай ниет болса да, Менің өзіңді сүйетінім есінде болсын!» – деді.

Айтатын нәрсе, Мәсіхтің өзімен қарым-қатынаста болғысы келетінін, Оның өзімді жақсы көретінін және өзімді әрқашан күтетінін сезгенімнен кейін менде тыныш уақытымның маңыздылығына қатысты басқа көзқарас пайда болды. Мәсіхті жүрегіңіздің қонақ бөлмесінде өзіңізді ұзақ күткізбеңіз. Әр күні Құдай Сөзін оқып, дұға етіп Исамен достығыңызды жалғастыра беруге уақыт табатын болыңыз.

ШЕБЕРХАНА

Біраздан кейін Ол менен: «Үйіңде шеберханаң бар ма?» – деп сұрады. Жүрегіңдегі үйдің төлесінде шебер үстелі мен құралдар бар болатын. Мен олармен өте сирек жұмыс істейтінмін. Кейбір кездерде мен төменге түсіп бір-екі кішірек сайманды алып кішкене жұмыс істеген сияқты болғанмын, бірақ елеулі ештеңе жасаған емеспін.

Мен Исаны төменге апардым.

Ол үстелді қарап шығып ішінен менің шамалы дарындылығым мен ептілігімді бағалады да, былай деді: «Мынау – өте дұрыс жасалған шебер үстелі екен. Бұның пайдасы өте үлкен бола алады. Ал сен өз өміріңде Құдай патшалығы үшін не істеп жүрсің?» Содан кейін Ол үстел үстіндегі мен жасаған екі кішкентай ойыншықты алып өзімнің алдыма әкелді. «Өзіңнің рухани өміріңде басқалар үшін осындай пайдасыз ойыншықтырдан басқа сен ештеңе жасап жүрген жоқсың ба?»

«Ием, ең қатты еңбек еткенде, қолымнан келетіні осы. Осы істеп жүргенім аз екенін білемін. Шынымен осыдан көбірек еңбек еткім келеді, бірақ оған менің шеберлігім мен күшім жетпейді» – деп жауап бердім.

«Жақсырақ еңбек еткің келе ме?» – деп сұрады Ол.

«Әрине», – дедім мен.

«Бәрекелді. Өз қолыңды маған тапсыр. Өзіңді толығымен Маған тапсырып, Менің Рухыма өзіңнің бойыңда жұмыс істеуге рұқсат бер. Мен сенің дарынсыз әрі икемсіз екеніңді білемін, бірақ Киелі Рух – ең керемет Шебер. Ол сенің қолың мен жүрегіңді Өзінің билігіне алып жұмыс істейді» – деді Ол.

Содан кейін мен Иемнің қолының өз қолыма енгенін сездім. Құралдарды өте шебер қолданып, Ол мен арқылы Өзінің керемет ісін бастады.

Дегенмен мен үйренетін әлі де көп нәрсе бар. Еңбегімнің өнімінің дәрежесіне қанағаттанып жүрген жоқпын. Кейде мен Киелі Рухқа өз қолымды толығымен тапсырмай жүретін сәттер болады. Бірақ Құдай үшін жасалған әр қандай нәрсе Оның құдіретті қолымен және бойымыздағы Киелі Рухтың күшімен істелетінін мен анық білемін.

Сондықтан Құдай үшін аса көп нәрсе істей алмасаңыз – абыржымаңыз. Сіздің қабілеттеріңіз – осының бастысы емес. Сіздің бойыңызда билік жүргізетін – Ол ғана болуы тиіс. Құдайға қабілеттеріңіз бен дарындылығыңызды толығымен тапсырсаңыз Ол Өзінің істерімен сізді таңқалдырады.

ОЙЫН-САУЫҚ БӨЛМЕСІ

Исаның осы бөлме туралы сұрағаны менің есімде. Ол осы бөлме туралы сұрамайтын шығар деп үміттенген едім. Себебі менің тек өзіммен бірге сақтап қалғым келген біраз қатынастарым, әрекеттерім болған. Исаның оларды ұнатпай қалатынын білгендіктен мен осы сұрақтан қашқақтап жүргенмін.

Бір күні кешке бірге оқыған таныстармен кездесуге кетейін деп есік алдында тұрғанымда Ол мені бір қараған көзқарасымен тоқтатып: «Кеттің бе?» – деп сұрады.

«Иә», – дедім мен.

«Жақсы, онда Мен де сенімен бірге барайыншы», – деді Ол.

«Білесің бе, Досым», – деп ыңғайсыздана бастадым мен. – «Біз баратын жер Саған ұнамайтын шығар. Сен екеуміз ертең қауым жиналысына барайық. Бірақ бүгін тек өзім ғана мүлде басқа адамдармен кездесейін деп едім».

«Жарайды, өзің біл, Мен сенің үйіңе келген кезде біз, нағыз достар ретінде барлық нәрсені бірге істейміз деп ойлап едім. Қандай жағдайда болса да Мен сенімен бірге жүргім келеді, осыны біліп қой» – деді Ол.

«Жақсы екеуміз бірге ертең бір жерге барамыз», – дедім мен.

Сол кештегі уақыт мағынасыз өтті. Мен өзімді сондай бишара сезіндім. Егер мен Исаны жалғыз тастап, Оған ұнамайтын жерлерге барып, Ол жақтырмайтын нәрселерді істеп жүрсем, онда мен Оған қандай дос болғаным? Сол кеште үйіме қайтып келгенімде Оның бөлмесінің шамы әлі жанып тұрғанын байқап, Оған бардым. «Ием, бүгін мен жақсы сабақ алдым. Уақытты Сенсіз жақсы өткізе алмайтыныма көзім жетті. Бұдан былай барлық нәрсені бірге істейтін боламыз» – дедім.

Содан соң екеуміз менің ойын-сауық бөлмеме бардық. Иса оны толық өзгертті. Ол менің өміріме шын қуаныш пен бақыт әкеліп, өзімді терең қанағаттандырған сезімге бөлендіріп, нағыз достықтың қандай екенін көрсетті. Сол кезден бастап үйім күлкі мен ән-күйге толы.

ЖАСЫРЫН ҚОЙМА БӨЛМЕ

Сіздерге тағы бір оқиға туралы айтқым келеді. Бір күні мен Исаның босағада ойланып тұрғанын байқадым. Мен кіріп келгенде Ол маған былай деп айтты: «Үйдің ішінде біртүрлі иіс бар. Бірдеңе шіріп жатқан сияқты. Иіс жоғарыдағы жасырын қоймадан шығып жатқан сияқты». Ол осы сөздерді айтқанда-ақ мен Оның не туралы сөйлеп тұрғанын бірден түсіндім. Баспалдақ арасында шынымен бір-екі метрлік жасырын қойма бар болатын. Оның ішінде мен тығып ұстайтын біраз заттар болған, оларды біреу (әсіресе Иса) көріп қоймасын деп қойманы кілттеп қоятынмын. Олардың өлік, жексұрын нәрселер екенін білсем де мен оларды жақсы көретіндей болдым. Сол заттардың үйімде барын мойындауға тіпті өзімнен де қорқатынмын. Иса екеуміз жоғарыға көтеріліп, қоймаға жақындаған сайын осы нашар иіс одан сайын күшейе түсті. Иса есікті көрсетіп: «Өліктің иісі осы жерден шығып тұр», – деді.

Мен ашуландым. Өзімнің сол кездегі сезімді мен тек осылай ғана сипаттай аламын. Бұл қалай? Мен Оны үйімдегі кітапханаға, ас бөлмеге, қонақ бөлмеге, шеберханаға, тіпті ондағы ойын-сауық бөлмеге кіргіздім ғой! Ал осы кіп-кіш-тентай қоймаға кірудің қандай қажеті бар? Мен іштей: «Мынауың тым ағат болар! Оның кілтін ешкімге бермеспін» – деп ойлады.

Менің осы ойымды біліп тұрған Иса маған: «Жарайды, бірақ Мен мұндай иіске шыдап осы екінші қабатта қалады деп ойласаң, бұл қателескенің. Мен төсегімді алып үйдің түпкі жағына немесе тағы да басқа жерге көшермін. Өйткені Мен осындай жағдайға жол бере алмаймын». Осыны айтып Ол төмен түсе

бастады.

Егер сіз Исамен танысып, Оны жақсы көретін болсаңыз, Оның өзіңізден алыстағанын сезу сіз үшін ең жаман нәрсе болады. Мен Оған көнуге мәжбүр болдым. «Мен Саған осы қойманың кілтін берейін» – деп қапалана айттым. – «Бірақ есікті Өзің ашшы. Бөлмені де Өзің тазаламасаң, менің осыны істеуге күшім жетпейтінін білемін».

«Сенің осыған күшің жетпейтінін мен анық білемін. Маған тек кілтті ғана беріп, Өзіме осы қойманы тазалауға толық құқық берсең болғаны» – деді Ол. Мен дірілдеген қолыммен кілтті Оған бердім. Иса оны алып, есікті ашып қоймаға кірді. Ондағы барлық шіріп жатқан нәрселерді алып олардың көзін бірден жойды. Содан соң Ол бір сәтте қойманы тазартып, өзгертіп бояп қойды. Өліктің иісі өмірімнен кетіп, үйім бірден таза ауаға толып кетті. Не деген ғажап сезім еді!

ҮЙДІ ИЕМНІҢ АТЫНА АУДАРДЫМ

Содан соң маған бір жаңа ой келді: «Мен өз жүрегімді Иса үшін таза ұстауға тырысып жүрсем де осының қандай қиын екенін біліп келе жатырмын. Бір бөлмені реттей бастасам екіншісі ластанып кетеді екен. Оны тазалай бастасам бірінші бөлме кірлей бастайды екен. Құдайға мойынсұнып, жүрегімді таза ұстайын деп тырыса-тырыса әбден шаршадым. Осыған шамам келмейді екен!» Сонда мен былай сұрадым: «Тәңірім, Сенің осы үйге жауапты болып, онда еңбек ететініңе мен үміттенем аламын ба? Кішкене қойманы реттегендей осы үйді де жөнге келтіре аласың ба? Жүрегім мен өмірімді тиісті қалпында ұстауға жауапкершілікті ала аласың ба?»

Иемнің осы сөздерге қуанғанын Оның көзінің жайнап кеткенінен білдім. «Мен саған қуана көмектесемін, өйткені менің келгенімнің себебі осы ғой. Сен тек өз күшіңе сенетін болсаң мәсіхші ретінде өмір сүре алмайсың. Бұл мүмкін емес. Осы жұмысты Маған сен арқылы және сен үшін істеуге мүмкіндік бер. Бұның жалғыз жолы – осы» – деді Ол. Иса сөзін жалғастырып: «Бірақ, Мен осы үйдің иесі емеспін. Қонақ болғандықтан Мен Өзімнің меншігімде емес нәрсеге иелік ете алмаймын» – деді.

Исаны сол сәтте-ақ түсінген мен, тіземді бүгіп Оған былай дедім: «Ием, Сен осы кезге дейін қонақ болып, ал мен болсам үйдің иесі болдым. Қазір мен қызметші болайын, ал Сен үйдің иесі бол». Мен сандыққа жүгіріп барып одан үйімнің құжаттарын алып шықтым. Сол құжаттарда үй иесінің құқықтары мен міндеттері жайында және үйдің күйі мен оның ішіндегі мүлік туралы айтылған болатын. Мен Исаға қуана қайтып келіп, үйімді бір сәтте мәңгілікке Оның атына аудардым: «Ием, мен өзімді және менде бар барлық нәрсені толығымен Саған тапсырамын. Осы үйдің Иесі Өзің бола гөр. Енді мен осында Сенің қызметшің және досың ретінде тұрайын».

Сол күні Ол менің өмірімді өз қолына алды және менің сіздерге айтқым келетіні – мәсіхші ретінде өмір сүрудің бұдан керемет жолы жоқ. Сіздің өміріңізді тиісті қалпында ұстап, жаныңызға нағыз тыныштық берудің ретін білетін – тек Ол. Мәсіх жүрегіңізге еніп, оны Өзінің үйі жасап, сіздің өміріңіздің Иесі болсын.

Менің жүрегім – Мәсіхтің үйі мақаласын талқылау

Kipicne

Иса Мәсіхті Иеміз ретінде қабылдап, Оған өмірімізді тапсыру – әрқайсымыздың өмірімізде болатын ең маңызды қадам. Төмендегі екі аят бұл қадамның өте маңызды екенін білдіреді:

«...кімге қызмет ететіндерінді таңдап алындар...» Ешуа 24:15

«Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірімін төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнауға шақырамын. Өмірлерің Құдайға ұнамды, толықтай бағышталған, тірі құрбандықтай болсын: Оған лайықты рухани қызмет көрсетулерің осы болады».

- Рим. хат 12:1

Тағы айта кететін дұрыс бір нәрсе: Біз Мәсіхке жол берсек, Ол өмірімізге бірте-бірте еніп, ақыр соңында оны толығымен басқаратын болады. «Менің жүрегім – Мәсіхтің үйі» деген тақырыптың ең негізгі ойы осы. Осы ой төмендегі аяттарда да көрінеді:

«Бұған әлі жете қойған жоқпын, өзімді Құдайдың көздегеніндей жетілдім деп те есептемеймін. Бірақ соның ізіне түсіп, иемденуге тырысудамын. Дәл осыған бола Мәсіх Исаның Өзі мені иемденіп алды ғой».

- Філіпі. хат 3:12

«Сендер өсіп-өніп, сол елді иемденіп алғанша оларды алдарыңнан біртіндеп қуып шығып отырамын».

- Мысыр. шығу 23:30

«Жаңа ізгі болмысқа ие болдындар. Оны жаратып берген Иеміз Өзін жақынырақ тануларың үшін сендердің рухани жағынан Өзіне ұқсас болуларыңды көздеп соған ұмтылуда».

- Қолос. хат 3:10

«Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден – Киелі Рухтан келеді».

- Қорынт. 2-хат 3:18

«Қайта, Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің рақымына кенеліп, Оны жақынырақ танып білуде өсе беріндер!»

- Петір. 2-хаты 3:18

«Ендеше Жаратқан Иені мойындап, Оны жақыннан танып білуге жан сала ұмтылайық! Ертенгісін таң атпай қоймайтындай, Жаратқан Иенің келуі де сондай шүбәсіз. Ол бізге игілікті нәсердей, жерді суға қандыратын көктемгі жаңбырдай сөзсіз болады».

- Ошия 6:3

Талқылауға арналған құжаттар

Менің жүрегім – Мәсіхтің үйі деген мақаланың төменгі бөлімдерінде талқыланған нәрселер қандай?

КІТАПХАНА

АСБӨЛМЕ

ҚОНАҚ БӨЛМЕ

ШЕБЕРХАНА

ОЙЫН-САУЫҚ БӨЛМЕ

ЖАСЫРЫН ҚОЙМА БӨЛМЕ

11- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Жазбаны жаттау:* Келесі сабаққа ешқандай жаңа аяттар жаттаудың қажеті жоқ. Барлық білетін аяттарыңызды мұқият қайталаңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Дұға ету жайында:* Лорн Сэнни жазған *Күнді қалай дұға етумен өткізуге болады* деген мақаланы белгілеп оқыңыз (51-58 беттер). Осы бөлімдегі негіздерді 12-сабақта пайдаланудың жолын ойластырыңыз.
4. *Басқа жұмыстар:* Барлық тапсырмаларды орындағаныңызды тексеріп, *Бақылау күнделігіңізді* келесі сабақта қол қойғызуға дайындап қойыңыз.

11-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Кіші топтарға бөлініп 2-курста үйренген барлық аяттарды жатқа айтыңыз - дар. *Бақылау күнделігіңіздің* барлық жерлеріне қол қойғызуға тырысыңыз.
2. Өзіңіздің *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгіленген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Толығымен жөнделген әңгімеңіздің жоспарын қолданып айтып беріңіз.
4. «*Күнді қалай дұға етумен өткізуге болады*» деген мақаланы (51-58 беттер), «*Дұға ету күнінің қандай қажеті бар?*» (58-59-беттер) және «*Күнді үш мезгілге бөлу*» (59-бет) деген бөлімдерді талқылаңыз.
5. «*Сергек және дайын болу жайында*» және «*Қажеттілік тізімін жасау*» деген бөлімдерді талқылаңыз (59-бет).
6. «*Дұға ету күні керек болатын нәрселер*» деген бөлімді талқылаңыз (60-бет).
7. «*Жарты күн дұға еткенде белгілер жазу жайында*» деген бөлімді талқылау (61-бет).
8. 12-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (61-бет).
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Күнді қалай дұға етумен өткізуге болады

Лорн К.Сэнни

«Өзіңізге көктен жіберілген осы керемет құрметті пайдаланып қалындар. Иса Мәсіх осы байланыс пен қарым-қатынасқа мүмкіншілік тудыру үшін өмірін киды».

- Билли Грэм

«Дұға – күдіретті нәрсе, себебі оның сондай болуы үшін Құдай Өзін Өзі байлап, борышты етті».

- Мартин Лютер

«Құдаймен асығыс жағдайда танысу мүмкін емес. Ол кез келген немесе тез келіп кетуге асыққан біреуге Өзінің сыйлықтары мен баталарын босқа үлестіре бермейді. Құдайды біліп, Онымен тығыз байланыста жүрудің құпиясы – Оның өмірге әсер еткенін сезу».

- И.М. Баундс

«Өзімнің бір күнде осыншама өзгеретінімді ешқашан ойламап едім», - деді маған бір досым. - «Айналамдағы әр адаммен қатынасым өзгерген сияқты. Осыны неге жиі істемеске?»

Осындай сөздерді күн бойы дұға етіп шыққан адамдардан жиі естуге болады. Өзіміз үшін маңызды болып көрінетін жұмыстар толып жатқанда, асықпай

отырып нағыз дұға ету бізге өте қиын нәрсе болып көрінеді. Ал бір күн дұға ету деген қалай өзі?

Киелі кітап бізге жеке дұға етудің үш негізін көрсетеді. Біріншісі: «Үзбей дұға етіңіздер» – дұғаның рухы өзіңіздің Құдаймен қатынасыңызды үйлесімді қылдырады, сондықтан сіз күннің кез келген мезгілінде Тәңірді мадақтап Онымен сөйлесе алатын боласыз.

Екінші негіз – тыныш уақыттың немесе таңертеңгі Құдаймен сөйлесудің тәжірибесін жетілдіру. Осыны біз Дәуіттің (Забур жыр. 5:3), Даниялдың (Даниял 6:10) және Иеміздің (Марқа 1:35) өмірлерінен көреміз. Дұға етіп, Құдай Сөзі жайында ойлануға әр күні бөлінетін уақыт – мәсіхшінің рухани өсуі үшін өте маңызды.

Жазбадан бір арнайы дұғаға ұзақ уақыт жұмсалғанның мысалдарын табуға болады (бұл - үшінші негіз). Иса түнімен дұға ететін; Иерусалим қаласының жағдайы нашарлағаны туралы естіген Нехемия бірнеше күн Құдайға жалбарынған; Мұса-пайғамбар 40 күн және 40 түн Құдаймен жеке қалып Онымен сөйлесті.

ҚҰДАЙДАН ҮЙРЕНУ

Құдай өз ойлары мен жоспарларын Мұсаға сол ерекше күндерде ашып көрсеткен (Забур жыр. 103:7). Тәңір Өзі таңдаған пайғамбарға дуалдағы тесіктен карауға рұқсат бергендей Мұсаға өз керемет істерін жақыннан көрсетіп, оның көзін ашып берді. Ал, қатардағы ираилдіктер күннен күнге тек Құдайдың істеген кереметтерін көріп жүрді.

Бір күні мен өзімнің Досон Тротман деген танысыма былай дедім: «Сіз өзіңіздің Құдайға қызмет етуге тағайындалғаныңызды білесіз. Өзіңіздің осыны анық сезетініңіз маған қатты әсер етеді».

«Бұл осылай деп ойламаймын», - деп жауап берді ол. - «Бірақ, бір нәрсені анық білемін: Құдай маған бірнеше уәде берген және Оның оларды орындайтынына мен сенемін». Алғашқы жылдарды Досон Құдаймен тілдесу уақытын тұрақты түрде әрі ұзақ өткізетін. Сол кезден бастап оның Құдайға деген қызметі табысты болды. Осыған себеп болған – әр түрлі әдістер мен нұсқаулар емес, біріншіден – Құдай берген уәделер.

Менің өмірімде де өзіме Құдайдың еркін түсінуге көмектесіп күш беріп жүрген және өзімді әлдендіріп тұратын – осы ұзақ дұғаларым. Сол дұға еткен жерлерім: Сизтл қаласының сая бағы, оңтүстік Калифорниядағы төбешіктер немесе Колорадо Спрингс қаласындағы «Құдай бағы».

Осындай дұға етуге арналған мезгілдер сіздің өміріңіздің де шығар жері (отправной пункт) бола алады. Тыныш уақытты әр күні өткізіп, ұзақ дұға етіп, Құдайдың айтқанын тыңдауға талпынсаңыз жақсы нәтижеге жетесіз. Тыныш уақытты осылай өткізгеніңіз сізге үздіксіз дұға етіп, күні бойы Құдаймен тілдесудің жолын көрсетеді.

Сіз ұзақ дұға етіп көрген емес шығарсыз, өйткені оның қажеті бар екенін білген жоқсыз. Бәлкім, бір күнді толығымен дұға етіп өткізу деген ой сізге тіпті оғаш болып көрінетін болар.

ДҰҒА ЕТУ КҮНІНІҢ ҚАНДАЙ ҚАЖЕТІ БАР?

Қазіргі жұмысбастылық пен қарбаласта дұғаға осыншама уақыт бөлудің керегі не?

1. *Құдаймен қарым-қатынаста көбірек болу* – таңертеңгі тыныш уақыттан тыс. Бұл – Онымен бірге үнемі жүру және Ол туралы үнемі ойлау үшін. Құдай бізді Өзінің Ұлы Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болуға шақырды. (Қорынт. 1-хат 1.9). Екі адам бірге көбірек уақыт өткізген сайын олардың арасындағы қарым-қатынас пен достық нығаятынын білеміз. Құдай Өзін құрметтеп Өзі жайында ойланған адамдарды байқап жүреді, олардың Құдайға арнап жүрген уақыттарын да біліп отырады (Малахи 3:16).

2. *Көзқарасты жаңарту*. Біз ұрыс майданының үстімен ұшып бара жатқан барлаушылар тәрізді дүниеге Құдайдың көзімен қарайтын боламыз. Басымызға қиыншылық келгенде өзімізге осы көзқарас аса қажет болады, өйткені біз көрінбейтін рухани нәрселерді ажырату қабілетімізді осы арқылы жетілдіреміз; сонымен бірге біз көзге көрінетін күнделікті жағдайларды да меңгеретін боламыз. Біздің рухани қаруларымыз да осыған байланысты жетіледі. «Сонымен көзге көрінетін емес, көрінбейтін нәрселерге назар тігеміз. Себебі қазір көрініп тұрғандар өткінші, ал көрінбейтіндер мәңгі» (Қорынт. 2-хат 4.18).

3. *Құдай алдында басқа адамдар үшін араша түсу*. Әрқайсымыздың Құдайды білмейтін туысқандарымыз, достарымыз және көршілеріміз бар. Біз оларға құтқарылуға көмектесуіміз керек. Сондай-ақ, әртүрлі салаларда Ізгі хабарды таратып жүрген бауырластарымыз, қауым жетекшілеріміз, үкімет басшыларымыз үшін де Иемізге дұға етуіміз керек. Көптеген сенушілер дұғаның адамдарға әсер ететінін және оқиғаларды өзгертетінін білсе де, дұғаның осы күдіретін сирек қолданады. Ал дүниедегі жағдай бірте-бірте тынышсыз болып бара жатқандықтан біз дұға арқылы игі істерді істеп, жамандыққа жол бермеуіміз керек.

4. *Құдай алдында өз өміріміз жайында ойлану*. Өзімізге қатысты жеке қорытынды жасау. Біз маңызды шешім қабылдар алдында күні бойы дұға еткеніміз аса маңызды. Әрине, тұрақты түрде ұзақ дұға етіп жүрген де дұрыс. Осындай күндерде сіз өз мақсаттарыңызға жету жолын табу үшін Құдайдан бағыт ала аласыз. Біз Құдаймен жеке қалып сөйлескенде Ол Өзінің берген уәделерін орындайтынына бізді сендіреді.

5. *Құдайдың талабына сай дайын болу*. Нехемия, бірнеше күн үздіксіз дұға еткеннен кейін патшаның алдына шақырылды. «Патша маған: «Онда қандай өтінішің бар?» – деген сауал қойды. Мен көктегі Құдайға іштей сиынып алып, патшаға былай деп жауап бердім: «Егер патша ағзам мақұл көріп, алдындағы қызметшісіне ризашылықпен қараса, онда мені ата-бабаларымның қабірлері жатқан қаланы қайтадан тұрғызуға Яхуда аймағына жібере көрсе екен». Осылай Нехемия патшаға өз ойын білдірді (Нехемия 2:4-5).

Кейін ол былай былай жалғастырды: «өзіме еріп келген біраз адаммен бірге түнде тұрдым. Құдайымның менің жүрегіме Иерусалим үшін не істейтінім тралы салған ойларын ешкімге айтқан жоқ едім» (Нехемия 2:12). Осы жоспарды Құдай Нехемияның жүрегіне қашан жеткізді? Менің ойымша бұл ой пайғамбарға оның ораза ұстап, дұға етіп және Құдайдан жауап күтіп жүрген кезінде келген. Ал әрекет жасайтын кез келгенде Нехемия дайын болды.

Мен бір кішкентай бала туралы естіген едім. Сол бала ұшқышқа мынадай сұрақ қойған екен: «Егер ұшып бара жатқанда, ұшағыңыздың бір жері бұзылып қалса оны қай жерге қондыру жайында ұзақ ойланасыз ба?» Ұшқыш оған: «Жоқ, қажет болған кезде мен ұшағымды қалай және қай жерге қондыруды керектігін анық білемін, өйткені осы туралы алдына ала ойланып алғанмын», – деп жауап беріпті.

Мәсіхшінің өмірінде де осылай болуға тиіс. Біз Құдаймен сөйлескен кезде Ол бізге Өзінің ойларын білдіреді. Сондықтан біз керек кезде дереу Оның айтқанын істейтін боламыз. Бізге: «Ием, мен дайын емес едім», – деп айтудың қажеті

жоқ болады. Сенушілердің өз мүмкіндіктерін пайдалана алмайтыны олардың сана-сезіміне байланысты емес. Осының себебі – олардың жүректері дайын еместігінде. Осындай дайындық біз Құдаймен жеке қалғанда ғана болады.

ҚҰДАЙ СӨЗІНЕ НЕГІЗДЕЛІП ДҰҒА ЕТІҢІЗДЕР

«Сол кезде мен, Даниял, Киелі жазбаларды оқып жатқанда Жаратқан Иенің Еремия пағамбарға жеткізген хабарынан Иерусалимнің қаңырап бос қалуының жетпіс жылға созылуға тиіс екенін ұқтым. Содан мен Құдай Иеге ерекше бет бұрып сиынып мінажат еттім. Қатты қайғырып ораза ұстадым, азалы киім киіп, басыма күл сеуіп Оның рақым етуін сұрап жалбарындым. Құдайым Жаратқан Иеге сиынып тұрып былай деп күнәларымызды мойындадым: Уа, Тәңір Ием, ұлы да айбынды Құдай! Сен Өзіңді сүйіп, тапсырған өсиеттеріңді ұстанатындарға Келісіміңдегі уәделеріңді адалдықпен орындап, мызғымас мейіріміңді көрсетесің!» (Даниял 9:2-4).

Даниял болатын оқиғалар туралы Киелі жазбадан білді. Құдайдың Сөзін түсінгеннен кейін ол дұға ете бастады. Құдайдың ойлары мен жоспарлары бар болғандықтан Оның оларға байланысты уәделер беретіні айтылған. Біз осыған мынаны қоса аламыз: «Құдайдың ойлары жүзеге асырылу үшін мен Оның уәделері жөнінде дұға етемін». Сондай-ақ, Құдайдың бір жоспары бар болғандықтан Ол соған байланысты уәде берді. Даниялдың дұға еткені сол болды. Электр тогы тізбекпен айналып қуатын білдіргендей Даниял да осындай айналым жасады.

Құдаймен жеке қалып дұға ету – Роденнің суретіндегі «Ойланған адам» сияқты тасқа отыра қалып кез келген ойды қарастыру емес. Бұл дұрыс емес. Осындай күні сіз барлық көңіліңізді Құдайдың Сөзіне аударсаңыз Ол сізге дұғаныңда көптеген нәрселер ашып беріп өзіңізді жетелейді. Ал егер өзіңізді-өзіңіз тексеріп, мәселелеріңіз жайында ойланып кетсеңіз онда жақсы еш нәрсе шыға қоймас. Ақыр соңында есепке алынатын – сіздің өзіңіз туралы пікіріңіз емес. Бәріне баға беретін – Құдай. Ол сізге көмекке Киелі Рухты жіберіп Киелі кітап арқылы өз ойын білдіреді. Ал Оның Сөзі сізді сіз дұға еткеніңізде жетелейді.

ОСЫНЫ ҚАЛАЙ ІСТЕУ КЕРЕК?

Осыны қалай істеу керек? Дұға етуге арналған бір толық күнді немесе жарты күнді белгілеп, тамағыңызды өзіңізбен бірге алып үйден шығыңыз. Көңіліңізді ештеңе алаң қылмайтын оңаша жер табыңыз. Бұл – жақын жердегі талды жер немесе бақшаңыздағы бір тыныш орын бола алады. Қашықтау жерге барып табиғат аясында дұға ету де жақсы ой, бірақ сол әдемі көріністерді тамашалауға шомып кетіп уақытты босқа кетірмеңіз. Өзіңіздің жүгіріп жүрген тиіндерге немесе жердегі құмырсқаларға қарап отырғаныңызды байқасаңыз көңіліңізді 103-жырға аударып, одан Құдайдың күдіреті Оның жаратқан нәрселерінен байқалынатыны туралы оқыңыз.

Өзіңізбен бірге Киелі кітап, дәптер, қарындаш және рухани тақырыптағы кітап болған дұрыс. Мен, мысалы, осындай жағдайларда И.М. Баундстың *Дұға арқылы келетін күш* деген брошюрасын өзіммен бірге алып жүргенді жақсы көремін. Оның ішінен дұғаның зор пайдасы жайында бір екі тарауды оқып қоямын. Сондай-ақ, өзім қолданатын әдебиеттердің кейбіреулерін атап өтейін, олар: Гораций Бонардың *Адам аулаушыларға айтылған сөздер* немесе Мэри Тэйлордың *Тау жоталарының аргы жағында* деген кітаптар. Осы екеуінің ең соңғысында – бір елшінің өмірбаяны туралы айтылады, бұл кітап Дж.Л.Фрейзердің Қытайда дұға арқылы көптеген рухани жеңістерге жеткені жайында әңгімелейді.

Егер сіздің бір күндік уақытыңыз болса оны мүмкіндігінше нәтижелі етіп қолданыңыз. Ең басынан бастап уақытты босқа жібермеңіз.

ҚҰДАЙҒА СЕНІМ АРТЫҢЫЗ

Күнді үш мезгілге бөліңіз: Құдайға сенім арту, басқалар үшін дұға ету және өзіңіз үшін дұға ету.

Құдайға сенім артқанда асықпаңыз. Біртүрлі табиғаттан тыс немесе асқан қуаныш күйдегі сезімдерге ие болуды күткен дұрыс емес. Тек жан-тәніңізбен Құдайды іздеп, Оған сенім артыңыз. Ишәя пайғамбардың кітабында

40:31-де Құдайға сенім артқан адамдардың күштері жаңартылатыны жайында уәде берілген. Ал Забур 26:14 Оған сенім арту жайындағы көптеген жырлардың біреуі. 61:2-де былай айтылған: «Жаным тыным табады жалғыз Құдайдан, құтқарылуым келеді тек қана Одан».

Құдайдың өзіңізбен бірге болғанын сезіну үшін Оған сенім артыңыз. Әр аятты оқыған сайын Ол өзіңіздің қасыңызда бар екенін білдіретін 138-жырға ұқсас бір үзіндіні оқыңыз. Бүкіл әлемде Құдайсыз ешбір орын жоқ екені жөнінде ойланыңыз. Біз көбіне Жақыпқа ұқсап: «Шынында Жаратқан Ие осы жерде екен! Ал мен мұны еш білмеппін», – дейміз (Жаратылыс. баст. 28:16).

Рухани тазару үшін Оған сенім артыңыз. 138-жырдың ең соңғы аяттары осы ойды білдіреді. Осы аяттарда айтылғандай Құдайдан өз жүрегіңізді тексеруін өтініңіз. Егер біз жүректерімізді өз күшімізбен ғана тексерсек, онда ойымызға әр түрлі нәрсе келгендіктен дұшпанға өзімізді шатастыруға жол береміз. Ал егер Киелі Рух жүректерімізді тексерсе, онда Ол тазаруымыз үшін нені мойындауымыз керек екеніне назарымызды аударады. Забурдағы күнәлар үшін тәубе ету жайындағы Дәуіттің 51 мен 32-жырлары сізге көмектеседі. Жохан. 1-хаты 1:9 аяттың берік негізіне көңіліңізді тоқтатып, барлық мойындаған күнәларыңызды Құдайдың кешіретініне сенім артыңыз.

Егер бауырласыңызға қарсы күнә істеп қойғаныңызға көзіңіз жетсе онда қатенізді сол бетте мойындап оны бұдан ары қайталамаңыз. Бұны істемесеңіз алдыңыздағы күннің берекесі болмай қалады. Егер сіз бен басқа бір адамның арасында түсінбеушілік болып қалып, бірақ сіз сол мәселені жоюға асықпасаңыз онда Құдай сізбен сөйлеспейді.

Құдайға сенім артқанда Одан өз-өзіңізді жұмылдыруға және осы дүниелік күнделікті ойлардан рухани ойларға ауысуға күш сұраңыз.

Құдайды мадақтау үшін Оған сенім артыңыз. Забурдағы 103, 111 және 145-жырлар құдіреті күшті Иемізді мадақтаудың тамаша мысалдарын көрсетеді. Забурдағы жырлардың көбісі дұғалар болып табылады. Немесе Оны мадақтау үшін Аян кітабындағы 4-ші және 5-тарауларды да пайдалануға болады. Дұғаны Киелі жазба бойынша еткеннен жақсы ештеңе жоқ.

Егер өзіңізбен бірге рухани әндер жинағын алған болсаңыз Құдайға ән айтып бере аласыз. Кейде біз өзімізде болатын бір ғажап сезімдерді Құдайға айтып жеткізе алмаймыз. Ал кейбір тамаша рухани әндер сол ойларды сөзбен жақсы білдіреді. Әнді жақсы айталмасаңыз жан-жағыңызға бір қарап алыңыз. Тыңдап тұрған ешкім жоқ болса, Құдайды қуана әнмен мадақтаңыз. Ол бұған риза болатынына еш күдіктенбеңіз.

Сөйтіп, сіз кәдімгі қалыппен, шүкіршілік айту кезіне келесіз. Құдайдың сізге істеген барлық тамаша нәрселері жайында ойланып, олар үшін алғыс айтыңыз: Құдай сіздің жаныңызды құтқарып, өзіңізге, отбасыңыз бен достарыңызға батасын жаудырғаны үшін, сонымен бірге өзіңізге Оны біле беруге мүмкіндік беріп жүргені үшін ризашылық білдіріңіз. Осы күні Оған айтылатын ризашылық сөздеріңіз күнделікті айтып жүргеніңізден мол болуға тиіс.

БАСҚАЛАР ҮШІН ДҰҒА ЕТУ

Енді әдеттегі дұғаңызда аталмай кететін адамдар үшін асықпай дұға ету кезі келді. Осы адамдарды тұрақты түрде аталатын адамдарыңыздың санына қосыңыз. Ойша жер шарын айналып басқа елдердегі адамдар үшін дұға етіңіз.

Төмендегі үш ұсыныс не үшін дұға ету жайында.

Біріншіден, адамдардың нақтылы өтініштері туралы айтыңыз. Осы өтініштер есіңізде болар немесе оларды сол адамдардың айтқандары бойынша жазып алған шығарсыз. Елшілерден келген хаттарда айтылған жағдайларды да ата-

ңыз. Құдайдан адамдарға рухани күш, батылдық, төзімділік, ақыл-ойдың анықтығы, тағы да басқа игі нәрселер сұраңыз. Дұғаңызда аталған адамдардың орнына өзіңізді ойша қойып, олардың қалай сезінетінін түсінуге тырысып, сол күйде олар үшін Құдайға дұға етіңіз.

Екіншіден, Киелі жазбадағы дұғаларды қарап шығыңыз. Пауыл Філіпіліктер мен Қолостықтарға арналған хаттардың бірінші тарауларында және Ефестіктерге арналған хаттың бірінші және үшінші тарауларында айтқан жағдайлар үшін дұға етіңіз. Бұл сізге «Құдай анау мен мыналарды жарылқап ана жағдаймен мына жағдайға көмектес» деп айта салатын сөздерден алдыға жылжуға көмектеседі.

Үшіншіден, өзіңіз үшін қалай дұға етсеңіз, басқалар үшін де солай өтініңіз. Оларға Құдай сізге айтқан нәрселерді тіленіз.

Егер сіз біреу үшін Жазбадағы аятты немесе уәдені қолданып дұға етсеңіз, онда дұға тізіміңіздегі сол адамның есімінің жанына осыған қатысты сілтемені жазып қойып оны келесі рет дұға еткенде қолдана аласыз. Құдай дұғаңызға жауап бергенде сол үзіндіні Оған алғыс айту үшін қолданыңыз.

ӨЗІҢІЗ ҮШІН ДҰҒА ЕТУ

Осы күннің үшінші бөлігін өзіңіз үшін дұға етуге арнаңыз. Егер сіз бір маңызды шешім қабылдайын деп жүрсеңіз, ең алдымен сол үшін дұға етіңіз.

Дұға еткенде Жазбаға негізделіңіз, Забур 118:18-жырда айтылғандай Құдайдан түсінік сыйлау сұраңыз. Жатталған аяттар мен Құдайдың Сөзіндегі уәделер жайында ойланыңыз. Жазбадағы кітаптың біреуін басынан аяғына дейін дауыстап оқуға да болады. Оқығаныңызды өміріңізде жүзеге асыру жөнінде ойланыңыз.

Адамның өзі үшін дұға еткен жақсы үлгісін біз Шежірелер туралы 1-жазбадан (4:10) табамыз. Ябес былай дұға еткен: «Мені жарылқап, тиесілі жерімнің көлемін кеңейтсең екен! Құдіретті қолыңмен маған жар бола гөр. Азапқа ұшырататын жамандықтан аулақ сақтай гөр!» Бұл дұға – сіздің өз өміріңіз, рухани өсуіңіз, Құдайдың сізді қамқорлап қорғауы үшін. Ябес Құдайдың еркіне сай дұға еткендіктен «Құдай Ябеске сұрағанын берді».

Күннің үшінші бөлігіндегі дұғаның негізгі бағыты: «Ием, менің өмірім туралы Сен не ойлайсың?» деген болу керек. Мақсаттарыңыз бен тілектеріңізді Құдайдың сізге деген еркін ескере отырып қарастыңыз. Иса былай деді: «Өзімді Жібергеннің еркін іске асырып, Оның тапсырғанын толық орындау Маған «нәр» болады» (Жохан 4:34). Сіз бәрінен де бұрын Құдайдың еркін орындағыңыз келе ме?

Енді өз істеріңіз бен әрекеттеріңізді сізге жүктелген міндеттер тұрғысынан қарастырыңыз. Құдай сізге күнделікті өміріңіз бен жоспарларыңыздағы өзгерістер туралы, кейбір әрекеттерден бас тарту туралы айтып жатқан болуы мүмкін, олар өздігінен жаман емес болса да, мүлде көмектеспей, қайта сіздің табысқа жетуіңізге кедергі келтіреді Олардан бас тартыңыз. Мысалы, сіз кештерді немесе демалыс күндеріңізді белгілі бір жолмен өткізіп жүргеніңіз сізге аса ұнамды емес болып көрінуі мүмкін. Осы жағдайды кішкене өзгертіп, рухани жағынан тиімді етіп демалып жүруге болады.

Дұға еткен кезде өз жүріс-тұрысыңыз бен уақытты өткізуіңіз жөніндегі ойларыңызды жазып, кестеңізді жақсартуға талпыныңыз. Сізге жексенбі күнгі жиналысқа немесе басқа бір адаммен кездесуге жақсырақ дайындалып бару жайында ой келуі мүмкін. Бәлім, Құдай сізді біреу үшін бір ерекше нәрсе істеуге шабыттандырар. Осындай нәрселердің бәрін де белгілеп жүріңіз.

Күннің осы бөлігінде Құдайға өз мәселелеріңіз бен маңызды шешімде-

ріңіз жайында айтып, Одан ақыл сұраңыз. Құдайдың көмегі арқылы сіз олардың жалпы жағдайлары қандай екенін анық көре аласыз. Сол жағдайлар туралы дұға етіп Жазбадан жауап іздеңіз. Сіз күні бойы оқыған үзінділерден бағыт алуыңыз мүмкін.

Дұғаңызды аяқтағаннан кейін сіз анық шешімдерге келе аласыз. Дұға ету күнінің мақсаты да осы, яғни өмірдегі бағытыңызды анықтау. Дегенмен кейбір мәселелердің жауапсыз қалуына дайын болуыңыз керек. Бұндай жағдайда абыржымаңыз. Бәлкім, Құдай сол жауаптардың уақыты әлі келген жоқ деп санайтын шығар. Бәлкім, сіздің нақты қажеттілігіңіз келесі қадамды білу емес, қайта Құдайдың Өзінің сізге беретін жаңа аяны екенін жақын арада түсінерсіз.

Алайда Құдай сізге жаңа аянды қашан жіберудің дұрыс мезгілін Өзі біледі. Оның уәдесін білгім келеді деп бас ұра ұмтыла берудің де қажеті жоқ. Өзіңізге белгілі уәделерге көңіл бөліңіз. *«Тақырып бойынша жаттау жүйесін»* өтіп шыққан болсаңыз *«Құдайдың рухани қазынасына үміт артыңыз»* деген бөлімдегі аяттар жөнінде ойланыңыз. Құдайдың бұрын берген уәделеріне қайта-қайта тоқтала беріңіз. Сол аяттар сіздің өміріңізге қатысты болуын сұраңыз.

Құдайдың өзіме берген уәделері жөнінде ойланып мен көптеген баталарға ие болдым. Өзіңізге таныс уәделер сізді жаңа уәделерге жетелейді. Ал Киелі кітап осындай уәделерге толы.

Құдай сізге берген уәделердің кейбіреуін өз Киелі кітабыңызда сызып, белгілеп, күнін қоя аласыз. Беттің ақ жолдарына бір-екі сөзбен ойыңызды жазып қойыңыз.

Дұға ету күніңізде әр түрлілік болғаны дұрыс. Дұға етуді, Жазбаны оқуды және кішкене жаяу жүруді бір бірімен кезектестіріңіз. Мысалы, менің бір досым бөлмеде жүріп дұға етеді. Бір қалыпта бүкірейіп қалғаннан гөрі қимылдаған дұрыс; осыған әр түрлілік енгізіңіз.

Есіңізге жаңа нәрселер түсіп жатса оларды дұғаңызда атап кетуге тырысыңыз. Олардың арасында аса маңызды ойлар болса, жазып отырыңыз. Мысалы, қауымда отырғанда ойыңызға қаншама көп нәрсе түсетінін байқадыңыз ба? Істелуге тиіс нәрселердің есіңізге түсуі – табиғи жағдай болғандықтан, осындай ойларды жазып отырыңыз. Оларды болашақта іске асыруды жоспарлаңыз. Осындай нәрселерді кейінге қалдырмаңыз, өйткені олар сізді күннің соңына дейін мазалай береді.

Дұға ету күніңіздің соңында дәптеріңізге Құдай сізге айтқан нәрселердің қорытындысын жазыңыз. Осы жазғаныңыз кейін өзіңіз үшін өте пайдалы болады.

ЕКІ СҰРАҚ

Сіздің дұға ету күніңіздің нәтижесі – Пауыл елшінің Дамаскіге бара жатқан кезде оның Құдайға қойған екі сұрағының жауаптары болуға тиіс (Елшілер. істері 22:6-10). Пауылдың бірінші сұрағы: «Сен кімсің, Ием?» деген сұрақ болды. Иеміз: «Мен – Исамын» – деп жауап берді. Сіз Оны жақсылап білуге талпынуыңыз керек. Пауылдың екінші сұрағы: «Ием, не істеуім керек?» деген сұрақ болды. Құдай Пауылдың осы сұрағына арнайы жауап берді. Осындай сұрақтың жауабын сіз Оның өзіңізге деген еркін ешқандай асығыссыз іздеген кезде ала аласыз.

Дұға ету күнінің соңында ерекше аяңға немесе сезімге бөленетініңізді күтпеңіз. Тек Құдайға сенім артып Оның Сөзіне жүрегіңізді ашыңыз. Әдеттен тыс, ғажайып сезімге бөленуді күтетін болсаңыз дұрыс жолдан адасып қалуыңыз мүмкін. Кейбір кезде жаңадан келген әсерлер өзіңізді нақты жағдайлардан алыстатып кете алады. Дұға ету күніңіздің табысты болғаны сол күннің соңында өзіңізді қуанышты сезінгеніңізге байланысты емес. Оның нәтижесі келесі күні өзіңізде болған өзгерістерден білінетін болады. Егер сіз Құдайға шынымен ашылып Оны тыңдаған болсаңыз бұл сіздің өміріңізден көрінеді.

Дұға ету күні өзінен-өзі оңай келе қалмайды. Осыған бөгет жасағысы келетін адамзаттың жауы – шайтан. Дегенмен, әлемдегі көптеген нәрселер де біздің дұға етуімізге кедергі жасайтыны анық. Сондықтан біз осындай күнді арнайы жоспарлауымыз керек. Мәселен, әр айдың бірінші жұлдызы дегендей. Немесе үш-төрт айда бір рет.

Осыны тезірек істеңіз. Құдай сізге батасын берсін! Бәлкім, кейінірек өзіңізден тіпті: «Осыны неге жиірек істемеске?» деп сұрайтын боларсыз.

Қатты сүйемін Жаратқан Иені, Жалынған даусымды Ол естіді, Иә, Ием құлақ түрді маған, Өмір бойы сиынбақпын Оған... Шүкірлік құрбандығын ұсынамын Саған, Сенің атыңды паш етемін, уа, Жаратқан. Забур жыр. 114:1,2; 115:8

Дұға ету күнінің қандай қажеті бар?

(Тобыңызда өткен талқылауда айтылған ойларды белгілеу үшін)

- 1. Құдаймен қарым-қатынаста көбірек болу.***

- 2. Көзқарасты (перспективаны) жаңарту.***

- 3. Құдай алдында басқа адамдар үшін араша түсу.***

- 4. Құдай алдында өз өміріміз жайында ойлану.***

5. Құдайдың талабына сай дайын болу.

Күнді үш бөлікке бөліңіз

1. Иемізді күтіңіз

- а. Оның қатысуын түсіну үшін.*
- ә. Рухани тазару үшін.*
- б. Оны қастерлеу үшін.*

2. Басқалар үшін дұға етіңіз

- а. Адамдардың нақты қажеттіліктері туралы айтыңыз.*
- ә. Пауылдың адамдар үшін дұға еткенін үлгі қылыңыз.*
- б. Өзіңіз үшін дұға еткендей, басқалар үшін де солай дұға етіңіз.*

3. Өзіңіз үшін дұға етіңіз

Сергек және дайын болу жайында

1. Дұға ету күнінің алдында екі күндей дұрыстап демалып алыңыз.
2. Дене қалпын (позаны) алмастырыңыз (отырыңыз, жүріңіз, отырып тағы кішкене жүріңіз).
3. Дұға ету күнінің бағдарламасына әртүрлілік енгізіңіз. Дұға етуді, Жазбаны оқуды және кішкене жаяу жүруді бір-бірімен кезектестіріңіз.
4. Дауыстап дұға етіңіз (сыбырлап немесе ақырын сөйлеп). Кейде дауыстап ойланған да көмектеседі.

Мазалайтын нәрселердің тізімін жасау

1. Өзіңізді абыржытып жүрген даулар, мәселелер және қорқыныштар жайында ойланыңыз. Сізді мазалайтын нәрселердің тізімін жазып шығыңыз. Аса үлкен болып көрінбесе де, өзіңізді уайымдатқан нәрсенің барлығын осы тізімге кіргізіңіз. Құдайдан осылардың бәрін көрсетуін сұраңыз.
2. Өзіңізді мазалаған нәрсенің барлығы да сол парақта болуға тиіс! Ештеңені ұмытпағаныңызға көзіңіз жеткеннен кейін 3-пунктке көшіңіз.
3. Тізімді мұқият оқып шығыңыз. Ондағы айтылған жағдайлардың кейбіреуін өз күшіңізбен жөндеу сіздің қолыңыздан келмеуі мүмкін. Сондай-ақ кейбіреуін өзіңіз де жөндей алатын боларсыз, оларды арнайы белгілеп қойыңыз.
Қолыңыздан келмейтін жағдайлар үшін Құдайға дұға етіңіз. Қолыңыздан келетіндер үшін де Құдайдан көмек сұраңыз да, қайсы мәселеге қашан кірісу туралы жоспар жасаңыз. Барлығын саралап болған соң, нақты істердің тізімі шығады.
4. Осындай тізімді кейін өртеуге немесе басқа түрде жоюға тұра келетін шығар, өйткені ол тізімде басқа біреудің көзіне түскенін қаламайтын өзіңіздің жеке басыңызға тиісті мәселелеріңіз аталуы мүмкін.

Егер дұға ету күнін айына бір рет ұйымдастырып жүрсеңіз, тізіміңізде дұға ететін мұқтаждық 20 пункттен кем болмайтын шығар.

Дұға ету күні қажет болатын нәрселер

1. Ең басты нәрселер

- а. Киелі кітап (күнде оқып жүрген Киелі кітабыңыз болғаны дұрыс)
- ә. Белгілеуге арналған қойын кітапша немесе парақтар
- б. Қалам немесе қарындаш
- в. Сағат

2. Көмек болатын құралдар

- а. Елшілердің және мәсіхші қызметкерлердің мұқтаждықтары жазылған хаттар
- ә. Мәсіхші жазушылар жазған рухани әдебиет
- б. Тамақ пен сусын салынған сөмке
- в. Сіздің дұға етуге қажет нәрселеріңіздің тізімі
- г. Аяттар жазылған түбіршіктер (аяттарды қайталауыңызға болады немесе оларды дұғаңызда да қолдана аласыз)
- ғ. Соңғы айларда жүргізген Киелі кітап оқу күнделіктеріңіз (осыдан Құдайдың өзіңізді қай бағытпен жетелеп баратынын біле аласыз)
- д. Ыңғайлы киім

3. Қосымша нәрселер

- а. Күн тізбе
- ә. Рухани әндер кітабы
- б. Соңғы дұға күні жазылған ойлар
- в. Алдыңызға қойған мақсаттарыңыздың тізімі
- г. Жеке өзіңіздің немесе отбасыңыздың қаржы жағдайы туралы жазған белгілеріңіз
- ғ. Өзіңіз қабылдаған шешімдеріңізді түсіндіретін дәлелдер
- д. Оқу үшін көзілдірік (қажет болса)
- е. Апталық істеріңіздің жоспары
- ж. Аяз күндерде жылы киім (свитер немесе пальто)

Үлгі: Жарты күн дұға еткенде жазылатын белгілер жайында

1:15-1:45	Жохан 14-16	30 минут
	14:3 Көкте орын дайындалып жатыр	
	14:13 Исаның атымен дұға ету	
	14:15,2 Мойысұныңдар!!! (15:7,10)	
	16:26 «Сол уақытта Менің атымнан сұрайсыңдар»	
1:45-1:50	Тәубе ету уақыты	5 минут
1:50-2:00	«Күнді қалай дұға етумен өткізуге болады» бөлімі	10 минут
2:00-2:15	145-жыр Жазбаны оқып, Құдайды мадақтау	15 минут
	144:3,6 Біздің Құдайымыз – ұлы!	
	144:4 Құдай менің балаларыма да жар болады!	
	144:9 Мен Құдайға Оның рақымы үшін алғыс айтамын!	
	144:15 Құдай адамдардың мұқтаждықтарын қамтамасыз етеді. Менің де мұқтаждықтарымды қамтамасыз етеді.	
	144:17 Рухани тазарып өскім келеді	
2:15-3:00	Қажетті нәрселердің тізімін жасау	45 минут
3:00-3:20	Басқа адамдар үшін дұға ету	20 минут
Өз қолымнан келетін істер:		
	1. Тізімімізді реттеу	
	2. _____ деген адамнан кешірім сұрау	
3(а)	әлдекімге қоңырау шалу	
3.	Өзімді мазалаған барлық істерді бітіру	
4:00-4:20	Қорытынды	20 минут
	1. Құдаймен оңаша болу уақытты және аяттарды жаттауды күнделікті әдетке айналдыруым керек!	
Үйлесімді өмір сүру үшін дұға етіп еңбектену!!		

12- САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

Жақсылап демалып, жарты күн дұға етуге дайындалып келіңіз. 60-беттегі тізімге қарап шығыңыз.

Сабақтың жоспары:

1. Істейтін жұмыстарыңызды жоспарлап алуыңыз үшін топтың басқа мүшелерімен және жетекшімен кездесіңіз (бұл 10 минуттан артық болмасын).
2. Бір-бірден әр жаққа бөлініп, Құдаймен үш немесе үш жарым сағат оңаша уақыт өткізіңіздер.
3. Кейін жарты сағатқа қайта жиналып, осы уақытта байқаған нәрселер жайында пікір алысыңыздар.

Киелі Рухқа кенелген мәсіхші

Киелі кітапты оқып зерттегенде өзіңіздің жеке Ұстазыңыз бар екенін білесіз бе? Зерттеген үзіндінің мағынасын және оның қай жағынан сізге қатысты екенін Ол әр уақытта көрсетуге дайын. Ол – Киелі кітаптың авторы Киелі Рухтың Өзі. Иса Мәсіх Киелі Рух туралы: «Рухани өмірлеріңе керектінің бәрін үйретеді» және «Ол сендерді бар шындыққа жеткізеді», – деп айтқан (Жохан 14:26, 16:13).

Киелі Рух сізді Киелі кітапты өзіңіз зерттеп оқығанда және Құдай тағайындаған қауым жетекшілері мен мұғалімдер арқылы да үйретеді. Осы екі жолдың ешқайсысы бірін-бірі толығымен ауыстырмайды – сіз өзіңіз жеке оқып сондай-ақ басқалардан да үйренуіңіз керек.

Жазбаны оқығанда Киелі Рухтан өзіңізді жетелеуін өтініңіз және Құдай Сөзін өз өміріңізде қалай қолдануды ойланыңыз. Забур жырларында осы жайында: «Тағылымыңдағы кереметтерді көрейін, рухани көзімді аша гөр менің» (Забур жыр. 118:18) деген жақсы бір дұға бар

Сіз Киелі кітапты жеке өзіңіз зерттегенде мынаны істеуіңіз қажет:

♦ **Уақыт:** Қауым жиналысына апта сайын тұрақты баруға уақыт жоспарлағандай, Киелі кітапты зерттеуге де уақыт жоспарлауыңыз керек. Біреулер әр күні кішкенеде оқығанды таңдаса, басқалар бұған әр аптада бір кешті бөлуі мүмкін. Өзіңізге ең дұрыс деген жолды таңдап алып, соны ұстаныңыз.

♦ **Орын:** Өзіңізді ештеңе мазаламайтындай орын таңдаңыз. Мүмкіндігіңіз болса әрқашан бір орында оқыңыз.

♦ **Әдіс:** Жазбадағы әр аятты оқығанда ол жайында жақсылап ойланып, кейін оның жауабын жазыңыз. Жалпы тақырыпты түсіну үшін аяттың айнала-сындағы үзінділерді де оқыңыз. Ыңғайы келген сайын жауаптарды өз сөздеріңізбен жазып отырыңыз.

Материалдар: Өз дәптеріңізден басқа сізге Киелі кітаптың Көне келісімі де Жаңа келісімі де керек болады. 1-курстағы Киелі кітап оқу бойынша нұсқаулықтағы «Сіздің Мәсіхпен тығыз байланыстағы өміріңіз» деген бөлімде сіз өміріңізде Иса Мәсіхтің не себепті бірінші орында тұру керек екенін көрдіңіз. «Мен қалай Киелі Рухқа кенеліп, Мәсіхті бірінші орынға қойып өмір сүре аламын?» – деп өзіңізге сұрақ қоюыңыз мүмкін. Өзіңіз оқып отырған осы бөлімнен бұл сұраққа жауап таба аласыз. Ол үшін біз Иса Мәсіхті бірінші орынға қою жайындағы бес маңызды салаларға көңіл аударамыз. Олар *Дңгелек* деген суреттеудің барлық құрамдарымен байланысты болып табылады.

- > **Құдайға мойынсұнған сенуші**
- > **Сіздің өміріңіздегі Құдай Сөзі**
- > **Құдаймен сөйлесу**
- > **Мәсіхшілермен қарым-қатынаста болу**
- > **Мәсіх туралы куәлік беру**

Құдайға мойынсұнған сенуші

Иса Мәсіхті Құтқарушым деп қабылдап, Оған сенім артқан сәттен-ақ сіз үшін Құдайға шынайы бағышталған өмір сүруге жол ашылады. Киелі Рух сізді өлім мен күнәнің билігінен босатып, (бұл туралы Рим.8:2 айтылған) жан-дүниеніңізге еніп енді осы жаңа өмір жолында сізбен бірге болады. Сөйтіп, Ол сізге Иса Мәсіхтің өмірі сияқты таза, адал өмір сүруге күш береді.

«Өңгіме біздің Иса Мәсіх сияқты өмір сүруге талпынуымызда емес, қайта Иса Өзі Киелі Рухымен бізге еніп, біздің бойымызда өмір сүруде. Оны жай ғана үлгі тұту жеткіліксіз, Ол біздің әрқайсымызға Құтқарушы ретінде қажет. Басқаша айтсақ, Ол біздің күнәларымыздың құнын өтеп, Өзінің өлімі арқылы бізді жазадан құтқара алады, өйткені жан-дүниемізге енген Оның Киелі Рухы бізді күнәның билігінен босатады».

- Джон Р.У. Стотт

Киелі Рухтың қуаттандыратын күші шынымен Құдайға мойынсұнуға көмектесетінін түсінген кезіңізде, нағыз мойынсұнушы мәсіхші болудың не екенін біле түсуді ары қарай жалғастыра беріңіз.

ҚҰДАЙҒА МОЙЫНСҰНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Құдайға мойынсұну туралы ойлағанда сіз Оның Кім екенін және сіз үшін Оның нені қалайтынын есіңізде сақтауыңыз керек.

1. Төмендегі аяттар сізге Құдай жайында не дейді?

а. *Жохан 1-хаты 4:16* _____

ә. *Аян 4:11* _____

б. Осы екі аят сіздің Құдайға мойынсұнуыңызға қалай әсер етеді?

2. Заңды қайталау кітабы 10:12,13-аяттарды оқыңыз.

а. Құдай Израил халқынан нені талап етті?

б. Құдай не себепті олардың осы өсиеттерді ұстануын қалады?

XXI-ғасырдың сенушілеріне мұның қандай қатысы бар?

3. Жоханның 1-хат. 5:3-аяты Құдайдың өсиеттері туралы не айтады?

4. Жохан жазған Ізгі хабардағы 14:15,21-аяттар жайында ойлана отырып, Құдайға деген сүйіспеншілік пен Оған мойынсұнудың арасындағы байланыс туралы қысқаша жазыңыз.

ҚҰДАЙҒА МОЙЫНСҰНУ

Құдайдың сіздің өміріңізге деген еркін қалай біле аласыз? Киелі кітап Құдайдың берген шынайы аяны, ал Құдай Сөзіне бой ұсыну деген Оның Өзіне бой ұсыну болып табылады.

5. 118-жыр бізге Құдай Сөзінің маңыздылығы жайында айтады. Иса Мәсіх үшін өмір сүруге көмектесетін бірнеше жолдар мен әдістерді Киелі кітаптан келтіріңіз.

11-аят _____


105-аят _____

130-аят _____

6. Тімотеге арналған 2-хатта (3:16) Пауыл Құдай Сөзінің не үшін пайдалы екенін жазды:

- а. _____ Неге сеніп, не істеу керек екенін білу үшін
- ә. _____ Күнәны ажырата алу үшін
- б. _____ Жақсы жаққа өзгеру үшін
- в. _____ Дұрыс өмір сүру үшін

Мұның мысалын төмендегі суреттен көре аламыз:



7. Матай жазған Ізгі хабарда (7:24-27) Иса адамдардың екі түрін сипаттады, демек ақылдылар мен ақылсыздар туралы айтады. Сол үзіндіні оқып төмен-

КӨРЕГЕН АДАМ
дегі сұрақтарға жауап беріңіз.

АҚЫЛСЫЗ АДАМ

Үйдің іргетасы қандай болды?
Екі үйді де қандай апаттар соққылады?
Нәтижелері қандай болды?
Осы екі адам Құдайдың

Сөзін қалай тыңдады?

Осы екі адамның арасындағы айырмашылық қандай?

8. Құдай Сөзі сіздің өміріңіздің бір бағытының тура жолдан тайып кеткенін жуырда сізге ескерткен болар. Егер осылай болса, қай салада қателестіңіз?

«Құдайға пайдалы болып, Одан аяндар алып, Киелі Рухқа бөленіп өмір сүрудің негізі – Құдай Сөзіне мойынсұну болып табылады».

- Джон Дж. Митчел

ҚҰДАЙҒА ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ МОЙЫНСҰНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Құдайдың қамқорлығы

Құдай сіздің тек өз күшіңізге ғана сеніп мойынсұнғаныңызды қаламайды. Өзіңіздің Оның көмегімен Оған мойынсұнып өмір сүргеніңізді қалаған Ол сізді барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз етті.

9. Исаға сенген әркімнің бойында кім өмір сүреді?

Қорынт. 1-хат 3:16 _____

Қорынт. 2-хат 6:16 _____

Ғалат. хат 2:20 _____

10. Исаға сенушілер осы күнәкар дүниедегі өздерінің рухани жауларын неліктен жеңіп шыға алады? *Жохан 1-хаты 4:4*

11. Құдай сенушілердің бойында мекендеуімен қатар Оған бағышталған өмір сүруге көмектесу үшін сізге не береді? Әр аяттың тұсына тиісті әріпті қойыңыз.

_____ *Тимотеге 2-хат 1:7*

а. Құдайға ұнамды таза өмір сүруге қажетті нәрселердің бәрі

_____ *Петір 2-хат 1:3*

ә. Оның Сөзі

_____ *Рим. хат 15:4*

б. Күш, сүйіспеншілік, ұстамдылық

Сіздің ниетіңіз

Сіздің Құдайға мойынсұнып өмір сүруіңізге қажеттінің бәрін Ол қамтамасыз етіп берсе де, оны іске асыру сіздің ниетіңізге байланысты болып табылады.

12. Құдайға мойынсұнуыңыз үшін сізде қандай ниет болуға тиіс?

Заңды қайталау 26:16 _____

Забур жыр. 39:9 _____

Лұқа 8:15 _____

ҚҰДАЙҒА МОЙЫНСҰНЫП ӨМІР СҮРУДІ ҮЙРЕНУ

Мәсікке мойынсұнған сенуші күнделікті азғырулармен және күнәлармен күнделікті күресіп жүреді. Барлық жағдайда да Құдайға мойынсұнып, күнәны жеңіп өмір сүре аласыз ба?

Осы жағдайда төрт маңызды саланы қарастыруымыз керек, олар: азғыру, күнә, күнәны мойындау және жеңіс.

13. Төмендегі аяттардан азғырудың көзі мен себептерін табыңыз:

а. Азғыратын кім? *Матай 4:1-3* _____

ә. Күнәға елігуге ешқашан жол бермейтін кім? *Жақып 1:13*

б. Адам неліктен азғырылады? *Жақып 1:14*

(Құмарлық – тыйым салынған нәрселерді істеуге қызығу)

14. Ешұаның кітабынан (7:20-21) біз Аханның Құдайға неге бағынбағаны туралы айтқанын көреміз.

а. Ол Құдайға неліктен бағынбады?

ә. Оны күнә жасаудан қай кезде сақтап қалуға болатын еді?

б. Оның қателігінен біз қандай сабақ аламыз?

15. Төмендегі аяттардың негізінде күнәның қысқаша анықтамасын беріңіз. *Ишая 53:6, Жақын 4:17, Жохан 1-хат 3:4*

Күнә мен азғырылудың арасында қандай айырмашылық бар?

16. Қорынт. 1-хат 10:13-аятты қарап шығыңыз.

а. Сіз тап болатын азғырулардың басқа адамдар тап болатын азғыруларынан айырмашылығы бар ма? Бәлкім, оларды жеңу қиындау шығар?

ә. Құдай азғырылуға қандай шектер қояды?

б. Азғырылу келген сәтте Құдай сізге не береді?

в. Осы аятта берілген Құдайдың уәдесін сіз өміріңізде ұстана аласыз. Сіз бұл аятты 1-курста жаттаған болатынсыз, оны «Жеңіске деген сенімділік» аяты ретінде үйренгенсіз. Оны тағы да қайталап, өзіңіз азғырылған кезде қолданыңыз. Бұл аят сіз азғырылған кезде сол азғырылудан құтылып шығудың лайықты жолын іздестіруге көмектеседі.

Құдай жеңіске жетудің жолымен қамтамасыз етіп қойған болса да, адамдар осыған салқын қарағандықтан әлі де күнә жасай береді. Мойындалмаған күнә Құдайды ренжітетіні белгілі нәрсе. Күнә Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігін еш өзгертпесе де, Оның бізбен қарым-қатынасы нашарлайды.

17. Жохан өзінің 1-хатында (1:9) сізге нені істеу керек екенін айтқан?
(Дұрыс жауапты белгілеп қойыңыз)

күнәмыз үшін уайымдауымыз керек.

күнәмызды өтеу үшін бірдеңе істеуге тырысуымыз керек.

оны Құдайға айтып, мойындауымыз керек.


оны ұмытуға тырысуымыз керек.

Бұл неліктен сонша маңызды? _____

«Құдай сізден алыстап кеткен сияқты болса, негізі кім алыстап кеткенін түсінемісіз?»

18. Забур жырының 31:5-аятта Дәуіт дұға етіп, өз күнәсын мойындайды. Осы аятты өз сөзіңізбен жазыңыз.

Жеңімпаз болып өмір сүрудің жолын былай суреттеу арқылы көрсетуге болады:



19. Іс жүзінде сіз өзіңізді азғырылудан қалай сақтай аласыз?
Нақыл сөз. 4:13-15

20. Жақыптың хатында (4:7) жазылған қандай екі қадам сізге жеңімпаз болуға көмектеседі?

ҚҰДАЙҒА МОЙЫНСҰНУ ҮШІН сіз өз еркіңізді Оның еркіне бағындыруыңыз керек. ШАЙТАНҒА ҚАРСЫ ТҰРУ ҮШІН сіз Құдайдың берген құралдарын қолданып, жеңіске ие болуға талпынуға тиіссіз.

21. Күнә мен азғырылу жөніндегі мәселелер сізге, сірә, күнделікті арпаласып жүрген жағдайларды еске түсіретін шығар.

а. 8-сұрақты қайта қараңыз. Сіз қарастырған саланың негізгі мәселесін анықтаңыз?

ә. Құдайға мойынсұнбаушылықпен азғырылу осы салада қалай көріне бастайды?

б. Осындай азғырылудың пайда болуына жол бермеу үшін сіз не істей аласыз?

«Киелі Рухтың күші мен жетегінде өмір сүріндер, сонда ескі күнәкар болмыстарыңның қалауы іске аспайды».

- Ғалат. хат 5:16

ҚОРЫТЫНДЫ

Сіздің Құдайға мойынсұнуыңыз – Ол сіздің Жаратушыңыз, ал сіз Оның жаратылысы деген шындыққа негізделеді. Ол Жалғыз Жаратушы Құдай болғандықтан сіз Оған бағынасыз. Бірақ Құдай сізді сүйгендіктен сіздің Оған мойынсұнған өміріңіз өзіңіздің бойыңызда болатын рухани күреспен өтеді. Құдай Өзінің заңдарын бізге Сөзі арқылы жеткізеді. Оған мойынсұнып өмір сүрсеңіз, сіз Оның берген рухани құралдарын дұрыс қолданып, жеңіске ие бола аласыз. Дегенмен, сіз азғырылу мен күнәдан сақтандырылмағансыз, оларға тап бола бересіз. Бірақ, күнә Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігін мүлде азайтпайды, бірақ Онымен қарым-қатынасыңызды әлсіретеді. Өзіңіз бен Құдайдың арасына күнәның кесірінен жік түскен жағдайда күнәңызды Оның алдында мойындасаңыз, Иеңізбен қарым-қатынасыңыз қайтадан жақсарады.

Сіздің өміріңіздегі Құдай Сөзі

Семсерді шабуыл жасағанда да, қорғанғанда да дұрыс қолдана білу керек екенін бәрі де біледі. Құдай бізге рухани соғысқа ерекше бір қару берді: «Құдай сөзін рухани семсер қылып ұстандар» (Ефес.6:17). Құдайдың жоспарын орындау үшін Киелі Рух Құдайдың сөзін қолданады.

«Рухани шөліккеген адамдардың екі негізгі мұқтаждығы бар: бірінші, Киелі Жазбаны жақсы білу керектігінде, себебі ол Құдайдың бізге мәлім қылған құтқаратын шындықтың жалғыз көзі; екінші, Киелі Рух арқылы білімді болуға талпыну керектігінде, себебі Оның көмегінсіз біз Жазбаны түсіне алмаймыз».

- А. Б. Тозер

ҚҰДАЙ БІЗБЕН ӨЗ СӨЗІ АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСЕДІ

Киелі кітап - жазылған барлық кітаптардың ішінде ең кереметі. Оны әр түрлі елдегі және әр түрлі мамандықтағы 40 адам жазды. Олар осы кітапты шамамен 1500 жыл бойы үш тілде жазған: еврей, арамей және грек тілдерінде. Алайда Киелі кітапта бір ұлы тақырып пен ұлы тұлға туралы айтылады. Егер Киелі кітаптың мәртебесі аса жоғары авторы, яғни қолдаушысы болмағанда осының бәрі іске аспас еді. Ол автор – Құдайдың Киелі Рухы.

1. Тімоте. 2-хат 3.16-аятта Киелі Жазба туралы не айтылған?

(Дұрыс жауапты белгілеңіз)

- а. Киелі кітаптың кейбір жерлері Құдайдың жетелеуімен жазылған.
- ә. Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған.
- б. Киелі кітаптың жеке түрде тек өзіңізге қатысты жерлері ғана Құдайдың жетелеуімен жазылған.

Құдайдың жетелеуімен деген сөздер грек тілінде «Құдайдың демімен» деп айтылады.

